

84.5K03  
C18

И  
35482

Кәкімбек  
Салықов

**СОБИТ АҒА**

**Салыков Кәкімбек**

# **СӘБИТ АҒА**

**Алматы  
“Жібек Жолы” Баспа Үйі  
2000**

84.57.13

ББК 84Қаз7-4

С 18

*Редакторы Сарбас АҚТАЕВ*

*Жинақтың жарық көруіне демеушілік жасаған*

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановқа алғыс айтамыз.*

**Салықов Кәкімбек**

С 18 Сәбит аға. – Алматы: «Жібек Жолы» Баспа Үйі,  
2000. – 104 бет.

**ISBN 9965-425-60-4**

Қазақтың көрнекті ақыны, белгілі қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов бұл шағын жинағында зор ағынды шабытпен Сәбен жайлы кең тебіренді. Өлеңдері шын жүректен туған ұлы жазушының өмірінің қыры мен сырын ұшқыр ой, терең сезіммен танытады. Ағалардың Сәбит Мұқанов жайлы айтқандары мен кейінгі ұрпақ һәм көз көрген жерлестерінің естеліктерінің ең шұрайлы деген кездерін өлең етіп, сом тұлғаның зор бейнесінен мол мағлұмат берген. Заман сыры мен осы күндерді байланыстыра отырып, қоғамдағы құбылыстарды келісті қамтыған. Соның бәрі асыл ағаның дарқан дарыны мен жан-жақты табысын аша түсуге арналған. Оқушы қауымның қазақтың кемеңгер ұлына лайықты туған кемел жырдың кәусар бұлағынан сүйсіне сусындайтынына кәміл сенеміз.

35482

С 4702250201  
430 (05) – 00

хабарланбаған 2000

ББК 84Қаз7-4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
М. МҰҚАНОВ  
А. М. Пропащев

**ISBN 9965-425-60-4**

© Салықов К., 2000

# I. ЖЫРДЫҢ ТУЫ – ЖАРҚЫН ТҰЛҒА

## “Жұмбақ жалау”

Мол болатын кең жүрекке сиғаны,  
Сол болатын - тілі, діні, иманы.  
Ел мен жердің  
айтты бейнет, зейнетін,  
Сәбит аға том-том етіп жиганы.

Аласапыран күндерде ой тотыққан,  
Елеңдедік, көп тебірендік толқып қан.  
Сәбең еді  
“Жұмбақ жалау” желбіреп,  
Бар қазаққа қалың роман оқытқан.

Асау тайдың терін ерте төкпек пе,  
Інісіне жанашырлық етпек пе?!  
Сәбит жазған “латыншаны” үйретті  
Ермек тәтем бармай жатып мектепке.

“Жұмбақ” сырын өз таңдайым тата ма,  
Рақмет айтам көп оқытқан атама.  
Есен жүрсем жер бетінде  
жарыдым  
Сол күндерде талай алғыс, батаға.

Оқып бердім салқын үйде неше қыс,  
Түтін жұттым от басында неше күз.  
Үшқыр жерін  
жатқа айтып тамсаңтсам,  
Жарты кәмпит сыйлаушы еді шешеміз.

Тап осылай ашқан ұлттың санасын,  
Сәбит аға тарлан еді жаны асыл.  
Атам, әжем  
“Жұмбақ жалау” сырымен  
Толтыратын бес намаздың арасын.

Алдымызда басталардай бір тойы,  
Қарт атамның жақсылықта жүрді ойы.  
Оқытатын сыйлы қонақ келгенде,  
Шәйі қорек,  
Бір мызғу жоқ түн бойы.

Сәбең шеккен білдік “Өмір мектебін”,  
Көкіректерге көктеп пісер екті егін.  
Байқап жүрдім  
Жаным ашып бір түрлі,  
“Жұмбақ жалау” “Ботагөз” боп кеткенін.

“Адасқандар” Алматыда жүргендей,  
Мың толғандым көргеніме бір сенбей.  
Елестейтін Ботагөз бен Асқар да,  
“Оқжетпеске” жаңа жалау ілгендей.

Қызыл, ала шарпып өтсе жолды алау,  
Қиянат қой сөз қисынын қолдамау.  
Құдай салған дана Сәбит аузына,  
Шын мәнінде жұмбақ екен сол жалау.

29.02.2000.

## Ұлылардың тағдыры

*“Жер астына қашып кірдім наландардан,  
Әлкім ашып, дұға тілеп, мірландардан”.*

**Қожа Ахмет Иассауи.**

Өту қиын бұл фәниден жасқанбай,  
Еш кінәсіз тиер басқа тас қандай.  
Қожа Ахмет Иассауи де аттанды,  
Топастардан жер астына қашқандай.

Мақтан етер алты Алашым ту қылып,  
Сан арыстар кешті сұмдық, мың бүлік.  
Мағжан аға,  
Сәкен, Ілияс, Бейімбет  
Оққа ұшты ыза, кекке булығып.

О, заман-ай! Алақолды пәлең де,  
Перде жапты көз бояғыш мәнерге.  
Тоқтата алмай жарылысын жүректің,  
Кең жалғанға симай кетті Сәбең де.

Талмаураса ақ қағазға түйіліп,  
Жан баураған жыр гауһары үйіліп;  
Тірі жанға еш жамандық тілемес  
Мұқағали өтті өмірден күйініп.

Сергек денем осындайдан суыған,  
Тебіренемін өлең өртеп, буып ән.  
Тым тарылтқан ұлылардың тағдырын  
Сұм жалғанның сырын қалай ұғынам.

2.ІІІ.2000.

# Арыстарды ел аңсайды қашан да

*“Әр заманға керек екен бір Сәбит”*  
Мұзафар Әлімбаев.

Сөз маржаны жасай білмес шұбалаң,  
Тауып кетті-ау, айтар жерін Мұз-ағам.  
Сөбең жайлы жарым ырым кездесе,  
Алғыс айтып құшақ жайып құп алам.

Наркомдарды мінбелерден соққанда,  
Өткір еді-ау ұшқыр сөзі оқтан да.  
Жалтақтамай  
Қара қылды қақ жарса,  
Брежневтер келуші еді тоқтамға.

Біз қайтпаймыз жаңа қарқын жолынан,  
Өттең, бұлтақ, бұралаңға жолығам.  
Тап сондайда айтылмай жүр ашық сөз,  
Бұл күнде де бір Сәбиттің жоғынан.

Туған елім тың асудан асарда,  
Сәбит мінез  
Қайда кеттің, бас алға.  
Шын жүректен қолқабысын тигізер,  
Арыстарды ел аңсайды қашан да.

26-сәуір 2000 жыл.

## Таумен жазған шежіре

Түсіне білсек Сәбит деген биікті,  
Туған елді ол ерекше сүйіпті.  
Көкшетаудың төбесінен қараса,  
Шежіре шертер қазақ жері сиыпты.

Қыр мен сырын бүгін дәлдеу түсінем,  
Тани кетем тауларды тұр, түсінен.  
Сөбең сөзін өлең етіп алып ем,  
Бала күнде “Жұмбақ жалау” ішінен:

Азат тауы жеткіншектей кекілді,  
Сырымбет тұр сылқым сырық секілді,  
Жыландыға бітті әсемдік не түрлі,  
Жалғызтауым жалғыз ұлдай жетілді,  
Бұқпа жатыр көл шетінде семіріп,  
Имантау тұр екі иығы керіліп,  
Ақан тауы тұла бойы серілік,  
Зеренді тұр ғашық назға беріліп,  
Оқжетпес тұр тастан текше өріліп,  
Торайғырым Көкшетаудың тұстасы,  
Ерейментау ерке қиял ұстасы,  
Баян туыс – қыз алысқан құдасы,  
Қарқаралы аршасы көп мұрасы,  
Ақтау бірге жауға шапқан андасы,  
Ортау оның жаны жалғас қандасы,  
Жекебатыр ел қорғаудың таңбасы,  
Ақшатауым қойны қазына жетіліс,  
Бектау-Ата жау өтпейтін бекініс,  
Ұлытауым елдің ортақ ордасы,  
Қаратауым ауыр күнгі жолдасы,  
Алатауым – аға тауым салмақты,  
Алтай – Ата, барлық тауға ардақты.

Міне, біздің тау шежіре қастерлі,  
Сөбең айтқан терең сырмен әстелді.  
Бәрінің де түбінде оның ізі бар,  
Жасағандай өз қолымен тас белгі.



Асыл аға!  
Мен де тауға зершімін,  
Кеткен де жоқ тектен, текке тер шығын.  
Жас шағымнан осынау таулар аңсатқан,  
Жезқазғандай ордасы бар кеншімін.

16 сәуір 2000 ж.  
Алматы.

## Сәбеңнің “тарғыл дауысы”

*“Таныс үйге келдім, есік қақтым.  
Көп күттірмеді. Сәбеңнің көпке  
таныс тарғыл дауысы шықты”.*

Сафуан Шаймерденов.

Осы ғой ойлап шолуға,  
Деректің керек желдісі.  
Өз дауысы болу да,  
Мықтының айқын белгісі.

Ағаға бақыт сол шығар,  
Інісін көрсе биіктен.  
Ініде бақыт мол шығар,  
Ағаны қатты сүйсінткен.

Ғақылын жисақ әлемнің,  
Ақылдың үлкен тауы - сын.  
Сафуан ағам Сәбеңнің,  
Сақтапты “тарғыл дауысын”.

Әмбеге таныс ол дауыс,  
Кемеңгер үні табынтқан.  
Сол еді-ау “тарғыл” жолбарыс,  
Талайды үні бағынтқан.

Куәлік берсе толғана,  
Жігіт - деп - үміт күттірер”.  
“Тарғылдан” алған жолдама,  
Аз емес “тарғыл” күштілер.

Арғымақ туған арқырап,  
Сәбене ұқсас арыс көп.  
Алаңда тұр ғой жарқырап,  
Батырлық белгі барыс боп.

Ізгілік деген кең ұғым,  
Жақсының жалғар ғұмырын.  
Осыдан ұқтым мен бүгін,  
Сафуандықтың тұғырын.

# Кірешілер ән салса

*“Аязға бетін жалатып,  
Арқасын желге қаратып,  
Кіреші әнге басады”*

Сәбит Мұқанов

Сәбит деген өмірдің суретшісі,  
Сонда жатыр ақындық құдірет күші.  
Кіре тартқан көп арба, өгіз аяң,  
Ұмытылмас атамның ізетті ісі.

Өткен күндер сан қилы белестері,  
Тамаша ғой өлең боп кеңескені.  
Атамменен ауылдан Көкшетауға  
Кіре тартқан күрең күз елестеді.

Әжеме нық дауысын төмендетіп,  
Отыратын қарт атам өлеңдетіп.  
Көне тарих кететін шалғайына,  
“Жүсіп пенен Зылиқа” елеңдетіп.

Кей қиссаның көтерсе жеңіл шетін,  
Қыза, қыза жаңбырдай себілтетін.  
Қарт Қожақ боп,  
Салт атпен жарқ еткендей,  
Кейде ащы әуен ырғағын төгілтетін.

Күзгі шуақ қызартып екі бетін,  
Өзге өмірді есінен кетіретін.  
Мен божыны отырсам мықтап ұстап,  
Бір құшақтап көңілі жетілетін.

Кіре десе атама сиынамын,  
Мен де бірге барам деп қиыламын.  
Ерке жиен едім ғой,  
Көш түзелсе,  
Өлең айт деп атама бұйырамын.

Сыйлап өттім ән, күйге бөлегенді,  
Жақсы жырды көкірек тере берді.  
Кіретінің күзгі әні тебіреніп,  
Жастай сүйдім кіл таза мен өлеңді.

Астық тартқан күндерде қала жаққа  
Атам әні берешек, алашақ та.  
Немереме үйретіп мен де келем,  
Сол өлеңдер жетсін деп болашаққа.

9.03.2000.

## Көкшеде туған сурет

Дем алып тақау жүргендік,  
Шақырды ғажап шеруге,  
“Оқжетпеске” біз келдік,  
Сәбеңе сәлем беруге.

Ұлым, қызым, бәйбішем,  
Өзірледік дәм, тұзды.  
Атына құрмет сай түсер,  
Салтанат жасар сән қызды.

Ауылым жақын нәрлі етіп,  
Қозының сойдық марқасын.  
Дастархан қызды әндетіп,  
Балқыттық Көкше әр тасын.

Қолпаштап жүрмек жолдас көп,  
Болмады бір күн жасымда.  
Көп балалы Жолдасбек,  
Шұбырып жүрді қасымда.

Сұрады Сәбең сүйініп,  
– Бәрі де сенің балаң ба? -  
Иә - дедім бұйырып,  
Біткендей “қулық” маған да.

– Құтты болсын, қарағым,  
Келінді алтын құрметте.  
Ішімнен ғана санадым,  
Түсейік – деді – суретке.

Сәтті болды бәрі де  
“Тапқырлығым” ақталды.  
Фото-сурет әлі де,  
Дін аман үйде сақталды.

Сол балалар бұл күнде,  
Үй, жайлы боп түледі.  
Мақтаньш қосып нұрлы үнге,  
“Өтірігіме” күледі.

8.03.2000.

## Кеншілерді жыр еткен

*“Сонша еңбекпен алғаның  
Тонна тастан бір мысқал.  
Біліп баға - салмағын,  
Қымбатты көріп ел ұстар”*

Сәбит Мұқанов

Шын ақынның жаны үйір арпалысқа,  
Туған елде ол ортақ бар табысқа.  
Жолбарыстай жұлқынған кенші күндер,  
Сәбедерден қалмапты-ау қалтарыста.

Алтын қазған мақтасақ ер жігітті,  
Тау қатпарын маңдайда тер жібітті.  
“Тонна тастап бір мысқал” ілінерін,  
Мамандармен майталман тең біліпті.

Еске түсті кен кеулеп терлегенім,  
Тасытып ем Жезқазған елге кенім.  
Бала күнде оқыдым  
Сәбит аға  
Алтынға бай алқапты зерлегенім.

Тағы да оқып құмарым таркады шын,  
Текке кетті демеспін шалқар күшім.  
Бір көргенін өзіңдей дәл түсірген,  
Кемеңгерді жас кенші, байқаймысың.

Жырлай, жырлай ол өтсе бір ғасырды,  
“Құдық қазған инемен” білді асылды.  
Ел құндайтын еңбегің өлең болды,  
Деп мақтаймын ескі дос, құрдасымды.

Жер теңселткен өр тұлға ерен ісін,  
Көзбен көрген дананың дерегі шын.  
Бір көшесін кеншілер арнаса екен,  
Мұқановтың сол мықты өлеңі үшін.

8.03.2000.



## Шындық сыры

Ел Сәбитті атаса тарланым деп,  
Жәрдем тілеп алдына барғаны көп.  
Жаны мырза жаралған  
мінезі үшін,  
Бір ескерткіш тұрады арнағым кеп.

Қара бастың ол қамын ойламады,  
Қуанышын асыра тойламады.  
Кейіпкері  
күріш пен тары өсіріп,  
Бидай егіп, ауылда қой бағады.

Әділдіктің әйгілі шың қорғаны,  
Өткір сөзбен саяси тілді орданы.  
Бар жазығы  
шындықты тура сілтеп,  
Қасіретімен халықтың бір болғаны.

Ол шошытса  
тигендей тасы қатты,  
“Дөкейлердің” қатесін бадырайтты.  
Көзге күлу дегенді білмеуші еді,  
Сөзде тұру дегенді басым айтты.

Бой ұрғызса жалтармас ол егеске,  
Сын көтермес кер заман кезі емес пе.  
Шымбайына батқандар арнап бақты  
Өнерлерін “күпия ерегеске”.

Ниеттерін жәрия етпегені,  
Тік кетуге ел, жұрттан сескенеді.  
Көп ақиқат  
жасырын жатса тынып,  
Адалдықтың сол күнде жетпегені.

2.03.2000.

# Сәбит аға кім десең

## БІРІНШІ ӨЛЕҢ

Батыр-көсем  
Күшпен жауын табынтқан,  
Ақын-көсем  
әділдігін танытқан.  
Сәбит-аға сондай еді-ау, әмбебап,  
Дара туған қарапайым халықтан.

Жыры азық ой саларлық сезімге,  
Сыры нәзік терең ойлы сөзінде.  
Аға тұтты елдегі бар қаламгер,  
Шын кемеңгер көш бастаған кезінде.

“Адасқандар” елеңдетті ел ішін,  
“Жұмбақ жалау” жеделдетті желісін.  
“Шоқанымен” биіктеді шоқтығы,  
Өлең-бақша төкті алуан жемісін.

Әділдігін батылдығы баптапты,  
Құлан атса қасынуын нақ тапты.  
Атақ, даңқы Айға жеткен күндерде,  
Үкілі Ыбырай бабамызды ақтатты.

Өткір тілі бас жармады, тас жарды,  
Жан, жүрегін әділет жолы басқарды.  
Арыстарды “халық жауы” - деп сөккен,  
Ақтау жолы Сәбендерден басталды.

Үкілі Ыбырай ауылының ұлымын,  
Қамығып ем өспей тұрып тұлымым.  
Анам маған ақ сүтімен дарытты,  
“Тәккулеткен” ән мектебі ғылымын.

Сәбит-аға! Алғысымды үйемін,  
Өз бейнеңді көкірегіме түйемін.  
Үкілі бабам қайта оралса қазаққа,  
Есіміңді өз балаңдай сүйемін.

Қазан-Қазақстан  
Әдебиет және ғылым министрлігі  
Астана қаласы

## ЕКІНШІ ӨЛЕҢ

“Сұлушашы” көңілімді күйлі еткен,  
“Балуан Шолақ” қайтпа деді бір беттен.  
Сәбит сөзі  
бармай жатып мектепке,  
Роман оқып, қазақ тілін үйреткен.

“Жұмбақ жалау”, санамда от тұтаттың,  
Көркем сөзге жаным ынтық құт арттың.  
Оқи, оқи атам менен әжеме,  
Жаттап алдым талай жерін кітаптың.

Қыршын күнде қан қыздырып денемді,  
Қозғау салды ұқтырып кей белеңді.  
“Малды құртты” - деп ызамен боқтайтын,  
Атам сонда Голощекин дегенді.

Сәбең сөзін дәмді сүрдей сақтайтын,  
Қастерлейтін әмәнда бір тақпай сын.  
Ырыс берген  
дұрыс қарап қазаққа,  
“Мырзажан” - деп Мирзоянды мақтайтын.

Көрші досы ұзақ кеңес құрайтын,  
Сәбең де оған  
Роман да ұнайтын.  
- Бәрі де жөн, жұмбағы не жалаудың? -  
Деп сыбырлап,  
Сәл жыбырлап сұрайтын.

Атам сонда дейтін: “Сыры көңілдің,  
Ауылнайға сен де жұмбақ көріндің.  
“Мен бір жұмбақ адаммын” - деп өтсе Абай,  
Өзін емес ашты сырын өмірдің.

Көкшетаудың көк мұнарын ұқтың ба,  
Көз арбаған  
Жұмбақ-тұман тұттың ба?

Әне, сондай бәрі жұмбақ жалғанның,  
Жолы жұмбақ келер жұт пен құттың да.

Түрпі тілден сұрқын бұзар қымбатты ой,  
Шындығым сол  
шыр бұздырмай тыңдап қой.  
Өз досың да  
әсіре мақтап көзіңше,  
Қызбалақтап сырттан сатса жұмбақ қой...

Осылай ұқ, менің жауап кәдемді,  
Жұмбақ жайлап тұр ғой барша әлемді.  
Ашық айтқан жалауды да “жұмбақ” деп,  
Жымиятын “дана ғой” – деп Сәбенді.

Сауамды ашса аталы сөз құндағы,  
Құлын едім  
хас тұлпардың жұрнағы.  
Ойға салсақ бүгін ғана ашылды,  
Бодан күндер тіккен жалау жұмбағы.

Ағыны зор Сәбит алған қарқынның,  
Түптен тартқыш мақтан етпес салтын кім.  
Ол - Құлагер ерте шауып, кеште озған,  
Тулы тұлға кемеңгері халқымның.

Абайды айтсақ еске аламыз Мұхтарды,  
Шоқанды айтсақ Сәбит бірге жұпталды.  
Абылай - десең Мағжан-аға елестер,  
Осылармен ұлттық іргем мықталды.

Міне, достым,  
Нар қазақты кім десең,  
Сыры мұқит, терең зерле білмесең.  
Мен Сәбенді сөз етерде  
әу, бастан,  
Өз атамның әруағымен тілдесем.

16 сәуір 2000 ж.  
Алматы.

## Сөздердің өзі сөйлейді

Тереңде сөздің жақұты,  
Түсердей алу қиынға.  
Адамның ол да бақыты,  
Жататын балқып миыңда.

Қызыл тіл қыздай салтын сез,  
Құлшынар икем шақ бойға.  
Біле де білсем алтын сөз,  
Оралар айқын жақсы ойға.

Ұға да білсек зер салып,  
Сөз үнінде күйлердің.  
Қойғандай айқын мең салып,  
Сөз тілінде билердің.

Сөздіктерде әзір деп,  
Бекерше іздеп жатасың.  
Сөз қонады қадірлеп,  
Сыйласаң арғы атасын.

Межешам етіп жаққандай,  
Көк тұманда өрлейді.  
Рәбиға апай айтқандай,  
“Сөздердің өзі сөйлейді”.

Ну орман етті жайқалтып,  
Абайым тілдің негізін.  
Алмайықшы шайқалтып,  
Мұхтар-сөз шалқар теңізін.

Жолықсам қауіп-қатерге,  
Мағжанда жатыр керегім.  
Махаббат жеңсе Сәкенге,  
“Тау ішінде” еремін.

Сексен көлге қарауды,  
Сағынсам шабыт тұтанып.

“Оқжетпеске” жалауды,  
Іледі Сәбит Мұқанов.

Боз інгенді боздатсам,  
Әбішті іздеп кетемін.  
Аралдың назын қозғалтсам,  
Әбдіжәмілге жетемін.

Игерсем сөздің төресін,  
Көңілдің төрін күйлі етті.  
Кеншілік тіл өресін  
Кен қазған күндер үйретті.

Сұрапылды дауылдан  
Тік өтсем саспай бүгін де,  
Момышұлы Бауыржан  
Сөйлейді соғыс тілінде.

Жер, су, аңдар атауын  
Ілияс ағам селдетті.  
Мұнаралардың қатарын,  
Төлеген інім өрлетті.

Үйенкі сүйгіш зеренге  
Күйенкі жұқпас қашан да.  
Сөз алдым сәулем сенен де,  
Махаббат тілін ашарда.

Өз анам сөздің төркінін  
Ақ сүтімен дарытты.  
Намыскер күннің өр тілін  
Үкілі бабам танытты.

Атасам сөздің несін,  
Таптым ғой тетік тілден де.  
Киесі мен жүйесін  
Сөз сөйлейді білгенге.

14-мамыр 2000 жыл.

## Мұхтар мен Сәбит

Мұханды айтсақ Сәбең еске келеді,  
Сәбеңді айтсақ Мұхаң кеңес береді.  
Ұлттың рухын қос кемеңгер көтеріп,  
Тереземді озық елмен теңеді.

Әсем әзіл олар жайлы көп мейлі,  
Естіген жан ерсі көріп сөкпейді.  
Көркем сөздің жасап алтын дәуірін,  
Өтті екеуі десем тарих жөптейді.

Кейбіреулер үрлеп қойып сөз желін,  
Үкім жасар сайлап сиқыр безбенін.  
Дау-дамайға мінгестіріп кетеді  
Мінбелерден айтқан жарыс сөздерін.

Ауыл аулақ Алматыда “пыш-пыштан”,  
Менің де жоқ осындайға ішқұстам.  
Тіл тигізу қос қыранға жараспас,  
Арпалыста Айға ұмтылып бірге ұшқан.

Дүлдүлдердің барлап алтын іздерін,  
Арнай алсақ жырдың айқын тізбегін;  
Таршылықтағы тайталасқа малтықпай,  
Жақсылықтарын келе берер іздегім.

Екеуі де өтті талай қысымнан,  
Екеуін де күндер болды ықсырған.  
Сәбең еді даралығын Мұханның,  
Марапаттап зор атакқа ұсынған.

Бірі Алатау, бірі Қаратауымдай,  
Өр күндері өтті тынбас дауылдай.  
Сәбеңді де Мұхтар аға сыйлады,  
Бір майданда білек қосқан бауырдай.

Дүлдүлдердей тізгіндесіп жарысқан,  
Бейнелерін елестетсем ғарыштан.

**Екі саңлақ көрінеді көзіме  
Қос жұлдыздай кең аспанда табысқан.**

**Екі мұхит толқын жалғап тасыды,  
Тереңдерден терген шексіз асылды.  
Мұхтар, Сәбит мұрасымен көрікті  
Қазақтардың XX-шы ғасыры.**

**7.03.2000.**



# Көктем келді

Бұлақ ақсын, бұлаң қақсын, таулар  
Сағым бөлеп, бір буалдыр бассын н  
Сәбит Мұқанов

Күн қыздырып сәуірлі көктем келді,  
Көкшіл кілем жасартты бөктерлерді.  
Күрке талға көп қарап мен де отырмын,  
Көргім келіп сені алғаш өпкен жерді.

Көзін ашты көк терек бүршік жарған,  
Сайда естілді сандуғаш үн шығарған.  
Ақ қайың тұр әжемдей: “Бұзау емді,  
Қайда ғана кеттің” деп тыншымды алған.

Құлын қашса шұрқырап қайырылмай,  
Жалтармадым жауапқа дайын құлдай.  
Қозы, лақ жамырап, шуласа да,  
Мен тұрушы ем өзіңнен айырылмай.

Көрсең шіркін, көкпеңбек көк пен көлді,  
Елестетер баяғы көктемдерді.  
Өзің бе деп өзеуреп жалт қарадым,  
Ақ самайдан бір сипап өткен желді.

Көксемейді көктемде сезім нені,  
Тарта берді ғажапқа көз ілгері?!  
Кең төскейде қос шоқы бұлқынып тұр  
Қос анардай балдырған төсіндегі.

Су шетінде малшынған ақ шуаққа,  
Жаутаң қағып қараймын жас құраққа.  
Баяғыдай сызылып суға келші,  
Ат шалдырып өтейін ақ бұлаққа.

3.03.2000.  
Алматы-Астана.

## Сәбит — қазақ Бальзагы

“Сәбенді ұрпақтар ұмытпақ емес.

Бұл - қазақ Бальзагы”.

Мұқағали Мақатаев. “Күнделікте”

Ауыр күндер өткеннен соң кездестік,  
Ашық сырды  
ұқты ескен жел де естіп.  
Мұқағали Сәбенді үлкен сөз етті,  
Арамызда жүрмеуші еді сенбестік.

– Қайтыс болды 18-ші сәуірде,  
Қарайлады құрдасына дәуір де. -  
Деп бастады алғыр ақын айтарын,  
Қимастық бар  
Әр сөзінде, әр үнде.

– 22-ші сәуір күні қоштастық,  
Мың, мың гүлшоқ,  
халық сансыз, көп бастық.  
Кеңейгендей тар жолдары “Кенсайдың”,  
Табиғатпен мұң бөлісіп достастық.

Сарыарқалы әрең жеткен сан қырдан,  
Жел құтқарды  
тым жылауық жаңбырдан.  
Қаралы күй жан жүректі жайлады,  
Орман, тоғай дауыс қосты жаңғырған.

Бақи жолын бастап кетті ол енді,  
Топырақ салдық басып талай еленді.  
Кей “дөкейлер” мұқатқанмен  
Мұқанов,  
Мұқалмастай зор құрметке бөленді.

Батыр тұлға  
естен кетпес нұр жүзі,  
Қалды артында сөздің нәркес құндызы.  
Ол төсіне

жұлдыз тақпай кетсе де,  
Болды өзі барша қазақ жұлдызы.

Қоштасарда Мәскеу сөзін мөрледі,  
Өзбек достым, өз тілінде шерлі еді.  
Сафаров та аталы сөз арнаса,  
“Біздің Ғабен тым сыпайы сөйледі”.

Уақыт солай...  
Ол да тұрды-ау, камығып,  
Жатты Сәбен тірлік сырын жаны ұғып.  
Үлкен жүрек  
күрт үзілсе шаршаған,  
Тірілерге тіреледі бар үміт.

Мұң шайқалтып,  
Кетірсе бар бабымды,  
“Пыш-пыштаған жігіттер де табылды”.  
Кермелеген “Бақастық пен топастық”,  
Өрмелеген кештім бұлдыр сағымды.

Не десе де о, дей берсін пақырлар,  
“Сәбит үлкен дүние”  
- деуге хақым бар.  
Нар тұлғамен қош айтысты нөпір жұрт,  
Тап осылай аттанады-ау, асылдар.

Азаматтық ар, намыстың заңғары,  
Ұлтжандылық ұлылығы бар тағы.  
Шежіресі жиырмасыншы ғасырдың,  
Қазынасы мол  
Сәбит - қазақ Бальзагы. -

Деген сөзі қалай бойға тарамас,  
Тыңдап тұрған секілденді бар Алаш.  
Қос жанары жарқ еткенде,  
Алатау  
Төңкерілді ақша бұлттар аралас.

29.02.2000.

Алматы.

## Жебеді Сұлтанмахмұт, Дихан, сені

Токсанға келдің Дихан,  
Бәз қалпыңда.  
Токсан күз, тоқсан көктем қалды артыңда.  
Думан, той құтты болсын!  
Сөз бергенде,  
Тебіреніп тұрмын іште назды айтуға.

Сәбитім осынау жасқа жете алмады,  
Өзімен бірге кетті неше арманы...  
Мұхтармен қатар жүрген нар еді ғой,  
О, тәубә! Алған атақ жетер бары.

Қалайша осындайда сағынбайын,  
Сағыну емес мұңшыл сары уайым.  
Сәбитім сені көріп елестеп тұр,  
Айтар сөз, берер бата бәрі дайын.

Асыл той, мол дастархан құтты болсын,  
Жыр құмар шапағатың жұртты шолсын.  
Хат алдың Президенттен құттықтаған,  
Жүзге жет, сүйенішің мықты болсын.

Ризамын.  
Ыхлас - қылас бәрі ұнады,  
Ниеті еш пенденің тарылмады.  
Жебеді Мұхтар, Сәбит, Ғабитпенен,  
Ғабиден арыстардың аруағы.

Жебеді Сұлтанмахмұт асыл ағаң,  
Биігің сол тірлікте тасқындаған.  
Абайдай атың көпке жете берсін,  
Жамбылдай сүйсін сені ғасыр, ғалам.

Дүлдүлсің асымаған, тасымаған,  
Тойың да болды жайлау - жасыл алан.  
Көркейтіп төрімізді Бәйкен отыр,  
Димашпен үзеңгілес асыл адам.

Бетімнен сүйсе Сәбит өпкендей боп,  
Шаттандым төбем көкке жеткендей боп.  
Қуандым тіреу бол - деп ағаларың,  
Сендерді маған тастап кеткендей боп.

Алдымнан алыс күндер қалықтады,  
Түс емес,  
Тап кешегі, анық бәрі.  
Жүз жылдық Сәбит тойы келе жатыр,  
Арман сол  
Көргім келсе жарықты әлі.

Халайық,  
Дихан, Бәйкен, сөз кеселік,  
Нұрланжан,  
Көсем болдың сен де есейіп.  
Сәбиттің туғанына ғасыр толып,  
Сол тойдың қызығында кездесейік.

30.1.98 жыл.

## Мәриям-апай, мықты бол

Есілдің сыбдыр қақты қамыс, талы,  
Сәбеңнің дүние салды Арыстаны.  
Бір жұлдыз  
таң алдында ағып жетті,  
Қияда бір жұлдызға алыстағы.

Алысқан сұм ажалмен арыс жаны  
Жұлдыздай сөне қалды қарыспады.  
Сынығы алтын тұяқ  
той алдында,  
Сызықтан қылдай кері қалыспады.

Сәуірдің күңіrentкен түн түндігін,  
Ойлады дейсін туар бұл күнді кім.  
Қайрымсыз қаза келіп,  
аза болдық,  
Сәбеңнің атар кезде жүз жылдығын.

Қайырын бұл қазаның тілеу керек,  
Бермейік, беу, ағайын үрейге сеп.  
Шақырды-ау,  
үлкен ұлын осы жолы,  
Болғандай,  
оған да үлкен сүйеу керек.

Арыстан алты перзент үлкені еді,  
Күмбезі зор әулеттің күркелі еді.  
Үш ұлды алған ажал  
дауылдатты,  
Айдында мың шайқалтып бір кемені.

Қара жер мүмкін енді шөлі қанды,  
Екі қыз, бір ұл артта төлі қалды.  
Жылама, Мәриям-апай,  
Сәбит-ағам,  
Екіге бар баласын бөліп алды.

Қалдырмас үмметіңмен сені зарлы,  
Ұмытпас Мұқановтай елі нарды.  
Мықты бол,  
саған батқан зор қайғының  
Бар қазақ азын емес, көбін алды.

Тәубе де,  
Ортамызда жүрсің көппен,  
Әруақ та риза болар үнсіз жеткен.  
Сәбеңнің жүрегінің лүпілі ғой  
Шатырды жаңбыр болып дүрсілдеткен.

Алатау тәжім етті жерге үңіле,  
Көз сүртер Көкше желі келді міне.  
Сабыр ет,  
той үстінде ойға салса,  
Бір Алла өзі әмірлі бергеніне.

Келді үні көңіл айтқан жыл құсының,  
Тік көтер қиындығын бұл қысымның.  
Алдынан жарылқасын Арыстанның,  
Топырағы торқа болсын тұңғышыңның.

18 сәуір 2000.  
Алматы.

## Ауылдғы ақсақалға жауабым

“Халықтың ханы едіңдер әрі малай,  
Ақынның осы күнде халі қалай?”  
Деп сұрақ қойды ақсақал Көкшетауда,  
Жауапты берген тыңда әрі қарай.

– Керексіз болды дейсің қосы кімге,  
Ақынның халі мүшкіл осы күнде.  
Той еді жыр жинағы жарық көрсе,  
Айналды “қалам ақы” тосын үнге.

Не шара көргендерге басқа сыйды,  
Зілзала тас көтермес басқа сиды.  
Арқалап кітаптарын сатуменен,  
Достарым ел аралап ақша жиды.

Соған да тәубә десе апыл-құпыл,  
Қалтасы қалғандардың бәрі шұқыр.  
Кейбіреу күн көріп жүр әрең ғана,  
Есектей пайдаға мәз кәкір-шүкір.

Азынап “Қаламгерлер жайы” қалды,  
Саялы саңғал соққан сайы қалды.  
Бас қатса осындайға...  
Кейбіреулер  
“Одақтың” үйін сатып байып алды.

Ел үшін болар деген құрбандарын,  
Бас сауға жылы жерде жылмандады.  
Кейбіреу тоғайыпты торсық шеке,  
Кейбіреу өсек тасып сумандады.

Сыбанып сайлау десе сөйлейтіндер,  
Жұлқынды тыным алар көрмей түндер.  
Озып жүр зиялыдан  
Қиялилар,  
Көшеде көпіршітіп сөйлейтіндер. –



Дегенде қарттың буы тарқап қалды,  
Көнетоз сипай берді тар қапталды.  
“Сенгенім сендер болсаң” - дегендей бол,  
Жан, жаққа басын үнсіз шайқап қалды.

7.04.2000.  
Көкшетау.

## Сәбит аға

Сәбитті айтсақ  
Есілдей кең көсіліп,  
Мадақтасақ Алатаудай көсіліп.  
Мақтан етсек,  
Бәрі өзінің еңбегі,  
Өзін өзі кетті ерекше өсіріп.

Толқып жатса  
“Сыр-Дария” бір жолда,  
Шоқаны түр жарқыл қағып бір қолда.  
“Балуан Шолақ” сексен көлден қарсы алса,  
Жетісудан  
шыға келер Нұрмолда.

Айта білсек  
Сәбит сыры сан алуан,  
Ел күш алды жалындаған алаудан.  
Орыс шықса “шинелінен” Гогольдің,  
Барша қазақ шықтық “Жұмбақ жалаудан”.

Мәңгі сөнбес  
Кең жүректің жарығы,  
Ол - телегей шексіз мұқит анығы.  
Елу томдық еңбегі бар Сәбеңді,  
Дер едім мен алыптардың алыбы.

Мұхтар, Сәбит көркем сөздің көшіне,  
Әкелгендер  
мәңгі ортаймас несібе.  
Теңеу іздеп қиналғанда  
түседі  
Пушкин және Лермонтов есіме.

Демесем де бар сырына машықпын,  
Сәбеңді оқып  
Өлеңге жол ашыппын.  
Беу, ағайын!

Ақ жарылсам бұл тойда,  
Ботагөзге ес білгелі ғашықпын.

Сол бейнеде  
шын сұлулық мол еді,  
Жан мейірі бал ләззәтқа бөледі.  
Аққу құстай  
асыл туған қыз-қиял,  
Бір дәуірдің Қыз-Жібегі сол еді.

Қызылжардың қызы маған өрт салдың,  
Бір мені іздеп  
Мәскеуге де кеп қалдың.  
Алғашқы рет, Мәриям, сені көргенде,  
Астапыралла!  
Ботагөз бе деп қалдым.

Мәриямдарды алғандарды жақтаймын,  
Бар жаһанда артық есім таппаймын.  
Мәриям-апай,  
жан серігі Сәбеңнің,  
Бәйбішемді сізге аттас деп мақтаймын.

Төрт ұл және екі қызды тапқаның,  
Ол бір төбе  
ұлы адамды баптадың.  
Тоқсаныңда он саусағың сүйріктей,  
Сәбит сүйген ажарыңды сақтадың.

Жүзге жетсе Сәбеңдердей ойшылым,  
Бұл сіздің той  
Бізге ақтарар мол сырын.  
Бұл ұлы той,  
тойы бүкіл қазақтың,  
Президенттің де,  
                    кеншінің де,  
                                    қойшының.

Дүбірлетсе Есіл, Көкше, Алатау,  
Парижде де күтіп отыр зор атау.

**Тойлап жатыр**  
    **өз әлінше әр аймақ,**  
**Атап жатыр**  
    **өз есімін әр отау.**

**Міне, солай**  
    **мерейлі той селдеді,**  
**Көтеріп тұр бәрін ерен еңбегі.**  
**Алматыдан,**  
    **Қызылжардан көш созған,**  
**Құтты болсын! Сәбит тойы елдегі,**  
**Ұлы думан**  
    **Сәбит туған жердегі.**

# Есілге қонған аққулар

Сайрасын құс, жайнасын дөң, күлсін күн  
Оттай шалқып көзді тартып шықсын  
Сәбит Мұқанов

Есілге қонды аққу, қаз,  
Ақ қанат сылқым сусылдап.  
Жағада тұрып болдым мез,  
Аңсаған әннен сусындап.

Айдынның беті жайнады,  
Естіліп ерке саңқылдар.  
Жүрекке жалау байлады,  
Есілге қонған аққулар.

Толқытып құстар оралған,  
Құба тал кетті желбіреп.  
Оянды сезім жоғалған,  
Сағынған жүрек елжіреп.

Жанарың қонды жанарға,  
“Тәккүге” салса аққу, қаз.  
Өзіңнен жеткен хабарға  
Жалғанды жаным айтып наз.

Қарағай, қайың желпінді,  
Құстарға қарап анталап.  
Биледі менің еркімді,  
Жер, көкке қонған махаббат.

Өн туды еркін төгіліп,  
Тулады жүрек бір демде.  
Ажарың кетті көрініп,  
Аққуды аққу сүйгенде.

24.04.2000,  
Қызылжа

## Сәкен-аға ескерткіші алдында

Кеменгер Сәкен-аға, сәлемімді ал,  
Алдында бір тұруға жан едім зар.  
Отырсың кербез тұлғаң сүйсіндіріп,  
Қасыңда таңғажайып әлемің бар.

Астана Ақмола боп бүгін менің,  
Тарқады бой жазылып бүкіл шерім.  
Ескерткіш Алматыда бұйырмады,  
Деп қатты ойға түсіп жүруші едім.

Құтты көш келсе алыс Алатаудан,  
Аз емес алған асыл жаңа сауғаң.  
Ішімнен тәуба - деймін  
Егемен ел,  
Секілді бар пазары саған ауған.

Кең сарай өз атыңда кітапхана,  
Үйің деп мұражайды ұқпақ сана.  
Отырсың ортасында екеуінің,  
Тың шабыт толқытқандай мықтап қана.

Бөленген байтақ елдің алғысына,  
Кенелдім келбетіңде жан құсына.  
Егемен қазағымның қуанышы,  
Мұртыңның ілініпті шалғысына.

Мұражай айтты ерен еккеніңді,  
Қолжазбаң елестетті төкпе күнді.  
Сөреде “Тар жол тайғақ кешу” де бар,  
Жеткізген қанша шер-мұң шеккеніңді.

Ұстаған өз қолыңмен қызыл қалам,  
Тапсырды жас ұрпаққа ізіңді аман.  
Мерт болған құлагердей сұлық жатыр,  
Айырса иесінен бұзық заман.

Кез болды-ау сіз ұстаған көкте Күнді,

Самғатты “Көкшетауын” өктем үнді.  
Еске алдық “Тау ішінде”  
шырқап, толғап,  
Сағынып қызды ауылға жеткенінді.

Жадымда мәңгі өшпес жылу қалды,  
Жез қанат “Жезкиікшіл” нұрым жанды.  
Әлемнің жеті түрлі ғаламаты,  
Деп ұқтым сіз құмартқан сұлуларды.

Түлкісің түгел ілген қыр үстінің,  
Жәптеймін әр ісіңнің дұрыстығын.  
Өте алмас бір ніскемей әйел заты,  
Әлі де бұрқырап тұр ніс суың.

Мұражай әр дерегін үзбей тердім,  
Рухы бізге ғибрат сіздей ердің.  
Сүйсініп суретіңе қарай, қарай,  
Өзінді бір көрсем деп іздей бердім.

5.04.2001

Астан

# Әншілік өнерінің құлагері

Қайрат Байбосыновқа

Қайрат-жан, айналайын асыл інім,  
Жаяғыртың бар қазаққа ғасыр үшін.  
Аққу, қаз айдын көлде саңқылындай,  
Сұлу саз, әсем әннің ғашығымын.

Қырандай қос қанаты үдемелі  
Даусыңмен дабыл қақты қыр өлеңі.  
Қалың ел есімінді білді, Қайрат,  
Басыңа бақыт құсы түнегелі.

Ән салсаң жақындайды аспан бері,  
Алатау тоқтай қалар аққан селі.  
Оянар шырт ұйқыдан алғыс айтып,  
Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Ақан сері.

Ой жатыр терең толғау мәнісінде,  
Сен айтқан айналады ән мүсінге.  
Бір сипап қара мұртты бебеулетсең,  
Елестер Сәкен ағам тау ішінде.

Домбыраң ақ үкісін желкілдеткен,  
Тынысың “Сырғақтыға” еркін жеткен.  
Шырқасаң “Жамбас сипар”, “Гәккулетіп”.  
Қыздардың қақтың талай бөркін көктен.

Кен сарай әу-дегендей селк етеді,  
Жан толқып, қам көңілден шер кетеді.  
Адамды жас баладай елжіретіп,  
Қоңыр ән бал құндақта тербетеді.

Мергендей тапқан тәсіл түлкі аулауын,  
Құлшыяқтың екі шектен үн самғауын.  
Жүректі тесіп өткен асау ырғақ  
Қойғызар құдашаның қикандауын.



Сал, сері бабалардың мұрагері,  
Өзіңсің барша қазақ бұлан ері.  
Өжетсің қызған сайын өршеленер,  
Әншілік өнерінің құлагері.

23.05.2000.  
Алматы.

## Айналайын бәріңнен

*(Мәриям-апайдың ҚазМУ-де айтқан  
сөзі сарынымен)*

Сәбит менің болса өмірлік серігім,  
О, туған ел!  
Ол өзінің ер ұлын.  
Қайсар еді халқым десен  
қасқайып,  
Жалаулатқан көкейкесті өр үнін.

Қиналғанға кесіп беріп қон етін,  
Өзгелерден көш ілгері жететін.  
Қайырымдылық – қолында зор қаруы,  
“Халқым десе есі шығып кететін”.

Сырым көп қой жас ұрпаққа ұғынтпақ,  
Айта берем қалдырмастай бір ұнтақ.  
Күш-қуатын маған тастап кеткендей,  
Үзілмейді көңілдегі суыртпақ.

Кештік тағдыр шуағын да, мұңын да,  
Көрдік заман шөл даласын, шыңын да.  
Барымызда аспадық та,  
жоғында  
Сыр білдіріп саспадық біз ырымға.

Қырық жеті жыл ішінде алтын қосының,  
Бірге естідік  
дұшпан зілін, дос үнін.  
Еш адамға бас имедік,  
Бірақ та,  
ГПУ - десе жас баладай шошыдым.

Пәле, жала сұм сыбысты ескеріп,  
Сәл саңлаудан сығалаушы ем сескеніп.  
Зәрем ұшса Сәбитті алып кетер деп,  
Ол құшақтап қойдыратын ес беріп.

Сексенін де, тоқсанын да өткіздім,  
Тәуба тағдыр, жүзіне есен жеткіздің.  
Жаныашырлық қажет екен оған да,  
Болмаса да шаңырақ тойы тек біздің.

Әбділдәжан асыл ұлы қырғыздың,  
Қарт денемде ыстық жылу жүргіздің.  
Сәбең, шіркін,  
Сүюші еді еліңді,  
Бауыр басқан егізіндей үш жүздің.

Алғыс айтам Қажымұрат ініме,  
Бисмиллядан Қызылжар басты іріге.  
Барып қайтам ауылдағы тойына,  
Тағзым етем туған елмен біріге.

Нар тұлғалы Сәбит елдің ұлы ғой,  
Бақытым сол көрсеткенім тірі бой.  
Елбасына ең зор алғыс айтамын  
Ықпалымен өтіп жатыр ұлы той.

Сөз бергенде келгені осы әлімнен,  
Бала десе боздамай ма ақ інген.  
КазГУ бүгін тойлап жатыр  
ризамын,  
Көп, көп рақмет, айналайын бәріңнен.

11-мамыр 2000 жж.  
Алматы

## Сағыныш селі

Рейхстагты алған батыр қазақ солдаты,  
Еске түссе өсер көңіл бар даты.  
Қошқарбаев Рахымжансыз  
азайды-ау,  
Көп қызығың жаным құмар Алматы.

Елге оралдым,  
Түстім ойға не түрлі,  
Тыным бермес сан өкініш жетілді.  
Сырбайы жоқ Алматыға сыймаймын,  
Евнейі жоқ Қарағанды секілді.

Айта берсем айғақтаған хал-жайды,  
Сағыныш селі  
Ет жүректі жаулайды.  
Жолдасбексіз, Балғабайсыз Жезқазған,  
Жоңғар шапқан Отырдан аумайды.

Сең соқты ма  
біздің асыл қатарды,  
Беу, Сарыарқа! Жеткіз дұға батамды.  
Жәйрем десең сағынамын Садықты,  
Құлагерсіз дерт шалғандай Ақанды.

Жүрегімді берер жылдам дөрілеп,  
Айта берсем сағынарым әлі көп.  
Қойшыманов Ақан қайда десеңші,  
Ерте кетті-ау дүлдүл әнші Жәнібек.

Есіне алмас сексен көлдің қай құсы,  
Мәлік-аға, мың мақтауға сай кісі.  
Көкені жоқ көп күрсінтті Көкшетау,  
Аз болғандай ақын Мұса қайғысы.

Көкшетау.  
7.04.2000 ж.

# Қыз-қыран

Фариза Оңғарсынова

Фариза деген ат қандай,  
Әні бар әрбір әріптің.  
Көңілдің төрін ашқандай,  
Дыбыстан тыныс алыптың.

Фариза десек аңғардық,  
Ақ құстың аппақ қанатың.  
Мінезге қайсар таң қалдық  
Заяғардан тағат табатың.

Жасымнан ұқтым алыстан  
Мұны бар жырды заты асыл.  
Ақын боп туған арыстан  
Әбділдә берді батасың.

“Каспиден шықты бір кеме,  
Жарқылын есте сақтайтын.  
Бұл қыздан шығар бірдеме”,—  
деп Евней мақтайтын.

Айтқаны келді ағаның,  
Толқыды еркін Жайық-жыр.  
Үлкені сол ғой бағаның,  
Есімін елге жайып жүр.

Фариза десек байтақ ел,  
Көз салар Мұқағалиға.  
Арнады өлең ақтангер,  
Әр сөзі ынтық қағида.

Ер жігітке пара-пар,  
Фаризаш сенің атың қыз.  
Өзімсіп жанар қадатар  
Тілсіз тіл тапқан жақынбыз.

**Ағалық тілек үйіп те,  
Жүректің төрін қыздырам.  
Биіктерден биікке  
Шарықтай бер қыз-қыран.**

**19.05.2000.**

**Алматы.**

## Жаса, елім, Мәркенді ардақта

Маңғаз еді ел-жұртын кең ойлаған,  
Сарбаз еді ауылым, сені ойлаған.  
Алпыс жасын тойласаң,  
Туған елім,  
Алатауға жеткізді жел ойнаған.

Нар еді ғой молайтқан ырысыңды,  
Көрген жанға ақжарқын нұры сіңді.  
Мектебіне есімі беріліпті,  
Құттықтаймын,  
Құптаймын бұл ісіңді!

Шаттық селін жеткізді атар таңым,  
Көп толқыған көңілді тазартамын.  
Ахметбеков көшесі атаныпты,  
Маңдайына жазғандай Сарыарқаның.

Орындалды ойдағы асыл Мұрат,  
Тілеп едік алыстан ақыл құрап.  
Құт әкелген Солтүстік өңіріне,  
Алғысымды ал, жаңа әкім Қажымұрат.

Іс тыныпты мәнерлі мәнісімен,  
Келісіп тұр берісі, әрісі мен.  
Ата, баба әруағы қолдап жүрер,  
Бүкіл елдің санассаң намысымен.

Күлім қақты екі көз мөлдіреген,  
Желбіреді ақ шашым селдіреген.  
Жан толқыды жетпіске тақағанда,  
Ағындады ағаңнан мөлдір өлең.

Хабар жетсе шарқ ұрып жан-жақтарда  
Ойым осы ағайын салмақтаған.  
Ұмытылмас ер жігіт елі барда,  
Ел тозбайды арысын ардақтаған.

25.04.2000.

Қызылжар

## Ол екінің бірі еді

“Жүз жылдығы жақсы өтсе,  
Мың жылдығы кем өтпес”.

Темірхан Медетбеков.

Сәбит аға  
тектірек қой тектіден,  
Мырза мейір,  
ойда барын төкті кең.  
Жүз жылдығы  
жетсе Париж төріне,  
Мың жылдығы  
кем өтпейді деп білем.

“Жұмбақ жалау”  
құт, ырысын мен көрдім,  
“Адасқандар”  
алғы шебін меңгердім.  
Бір дәуірдің  
бастаушысы Сәбенді,  
Әлемдегі алыптармен тең көрдім.

Алда жүрер  
тірілерден тірірек,  
Кім айтпайды  
Сәбитті асқан ірі деп.  
Ұланғайыр  
романдарын бағалап,  
Мен айтамын:  
ол - екінің бірі деп.

16-сәуір. 2000.



# Сәуірдегі Көкшетау

Көкшетауды аңсап келіп тапқандай,  
Ақша бұлттар ағындайды ақ маңдай.  
Елестейді пейіштегі құлагер,  
Тау үстімен шауып бара жатқандай.

Ақша бұлттар - желбіреген ақ тулар,  
Алып келген  
Айналамда шалқу бар.  
“Тәккулеткен” дәуір туды сәуірде,  
Сексен көлге қонып жатыр аққулар.

Бұлттар келсе басылады тау мұңы,  
Ақ жаңбырдың ақ күмістей жауды үні.  
Көзге оралды  
Жеңіс күнгі ауылда  
Жан анамның шашу шашқан жаулығы.

Ақша бұлттар тау үстінде аунаған,  
Көктем дертін алып келді сау маған.  
Қырқа бойлап бара жатыр қызғалдақ,  
Қызыл көйлек киген қыздан аумаған.

Аққу қонса біздің көлге май табан,  
Аңсаған құс аяулыма ән табам.  
Ақша бұлттар жылы жаңбыр төксең де,  
Қар жаумаса жарар еді қайтадан.

9.04.21  
Көкш

## Шалқыма

Тамаша күндер не деген,  
Айтарлық шаттық құштық деп.  
Періштем болса жебеген,  
Айтармын биік ұштық деп.

Арманым - биік асқарым,  
Ұлғайтқан дәуір санасын.  
Әдиям - алтын дастаным,  
Ақ құсым менің Данашым.

Білемін мәңгі тұрмаймын,  
Жарысқа намыс қайрады.  
Шарықтап, шалқып жырлаймын,  
Желбіреп жүрек байрағы.

Көрінсе кейде Күн келте,  
Жыр төгем қалар жатталып.  
Ата, анам кетсе тым ерте,  
Қазық боп қалдым сақталып.

Ұл, қызым мерей, мерекем,  
Көңілді қалай өсірмес.  
Немерелерім берекем,  
Атымды менің өшірмес.

3.V.2000.  
Жезқазған.

# Абылай

Есіміне ел сыйынған асылым,  
Ала тулы ала құйын жасыным.  
Абылай-хан  
азаттықтың жыл құсы,  
Жасап өткен өз дәуір, өз ғасырын.

Болды өзінің батырлары ардақты,  
Бар қазақтың салмақтысын таңдапты.  
Ақыл қосып билерімен білікті,  
Ақындарын ақиықтай самғатты.

Ел тонағыш басқыншылар, жымьсықы,  
Абылай ханның әруағынан ығысты.  
Қырғын жұттың  
ізі өшіп “ақ табан”,  
Құт жайлады ақ дастарқан ырысты.

Әділдігі таң қалдырды халықты,  
Өзі бастап, ел негізін салыпты.  
Ат жалында  
өскен қыран қазақты,  
Аждаһа мен ақ аюға танытты.

Жан аямай қорғап байтақ даланы,  
Саңлақ зерде  
оятты ұлттық сананы.  
Ерлік пенен серілікті тең ұстап,  
Өулиедей Алашқа аты тарады.

Азаттықтың Абылай түпкі тірегі,  
Арпалыста жолбарыстай түледі.  
Оған тартқан  
Еңіреп туған елім деп,  
Кейінгі ұрпақ кетті ұласып тілегі.

Мағжан-ақын мезетте оқтай атылған,  
Медет көріп Абылай рухын шақырған.

“Абылайлап” – жауған оққа кірмесе,  
Тумас еді Бауыржан мен Рахымжан.

Әруақ сыйлар таңдайымда бар татым,  
Өсті осылай үрім-бұтақ зәузатым.  
Сын сағатта Абылай ханға табынды,  
Күн көшіяде – Тоқтарым мен Талғатым.

Кеше атын ататпаса тыйым қып,  
Титім сөтке ұмытпады дүйім жұрт.  
Қаны қазақ  
қай қияда жүрсек те,  
Абылай-ханға ант бергендей сыйындық.

17.03.2000

Түркістан

## Көкшетауда Қаныш-аға көшесі

Жүз жылдық той қандай десең жетесі,  
Ғажап өтгі - сөздің осы төтесі.  
Міне, бүгін Көкшетауда ашылды,  
Сәтбаевтың атындағы көшесі.

Бұл көшенің биік тұлға, өресі,  
“Оқжетпестей” әрбір үйдің төбесі.  
Мың, мың алғыс Көкшеліктер алыңдар,  
Аталыпты көшелердің төресі.

Көкшетауым - сал, серілер парнасы,  
Ел бірлігі бұл құрметтің арнасы.  
Алматыда Сәтбаев көшесінің,  
Осынау көше таңғажайып жалғасы.

Ұлы тұлға бейнесіне лайықты,  
Кербез көше құлашын кең жайыпты.  
Мектебім тұр сол көшенің бойында,  
Жүрегімді жүлде алғандай байытты.

Шалқып кетсем жан тылсымын етіп жыр,  
Төгіледі көкірекке нешік сыр.  
Баяғыда мені сүйген сұлулар,  
Бұл көшеден әже болып өтіп жүр.

Мықтылардың осы күнгі тірісі  
Еңбек ері Зерендідей ірісі,  
Бұл көшеде Баян ағам кездесер,  
Қанай бидің әруақ қонған інісі.

Беу, жолаушы! Жанарыңды сүзіп ал,  
Жолың болсын! Жоралғыға жүзік ал.  
Бұл көшеде Ақан, Біржан, Ыбырайдың,  
Балуан Шолақ атамыздың ізі бар.

Ықлас-қылас айта берем біріндеп,  
Ірілер көп мақтан етер пірім деп.

Талай жылдар қатар жүрген Қанышпен,  
Батыр Мәлік қарсы алады күлімдеп.

Кенесары жортып өткен жерлердің,  
Барлығына осынау көше кең белгім.  
Көз ұшында Кесенесін көресің,  
Қарасай мен Ағынтайдай ерлердің.

Бұл көшеде жаныңды нұр толғайды,  
Алақанға бақыт құсы орнайды.  
Ел данасы Шоқанға да тәжім ет,  
Абылай ханның әруағы қолдайды.

Талай қайтты жүз жылдық той есесі,  
Жетті құтты биіктерге жетесі.  
Барша қазақ аңсап келіп көрер жер,  
Көкшетауда Қаныш аға көшесі.

Көкшетау.  
7.04.2000.

# Иса ақынды Мұхтардың сынағаны

*“Мен Исадай ақыны бар қазақ  
халқының ұлы болғанымды әр  
қашан мақтан тұтамын”*

*Мұхтар Әуезов.*

– Ақынсың аққан селдей ағындаған,  
Табиғат төге салды барын саған.  
Тыңдайын тірі күнде  
қандай болар,  
Жоқтау сөз көз жұмғанда, зарың маған? -

Дегенде Мұхтар-аға жалынғандай,  
Тез тапты  
ұшқыр ақын бабын қандай?!  
Сонда Иса боздап кетті ботасынан,  
Боз інген шөл далада айрылғандай.

- Қайран ел,  
Оқыс өлім білсін зарын,  
Қара ту, қара жалау ілгіз бәрің.  
Топан су Алатауды қиратқандай,  
Оқ тиіп қан қақсады шыбын жаным.

Құдай-ау,  
дана туған асыл кетті,  
Абайдан кейінгі алтын ғасыр кетті.  
Жер-жаһан бірге жылар бұл қазаға,  
Жамылды қалық қазақ қасіретті.

Жүз жасқа жетер-ау - деп дәме еткенім,  
Сыйласқа көңіл жықпас әдепті едің.  
Сұм ажал құлатпай бір сұламаны,  
Қарашы, ғұламаны әкеткенім.

Шыңғыстау, Ертіс, Есіл, Еділ-Жайық,  
Ас беріп, бата қылды қолын жайып.  
Жұмақтан орын берсін хақ-тағалам,

Жылаудан басқа енді не қылайық.

Бақиға қиып тұрмыз зорға сізді,  
Сұм тағдыр ойсыратты ортамызды.  
Япырмай,  
қалай ғана тірі жүрмін,  
Күйресек жау шапқандай ордамызды.

Тағдырға бұл жалғанда сенім бітті,  
Тал түсте төңкерілді төрім құтты.  
Дүлдүлім қапылыста кетіп қалып,  
Көр соқыр жылай, жылай көзім шықты.

Алып ең сан сайыста талай сыйды,  
Ай, аспан нұр жүзіне арай құйды.  
Керілген Сарыарқаның даласындай,  
Табытқа кең мандайың қалай сиды?!

Жарысқан бар әлеммен данышпаным,  
Мерт болдың, жер бетінен алыстадың.  
Ей, Алла!  
Әкел, маған ажалынды,  
Жөн болмас қайран дөстан қалысқаным.

Аждаһа арыстанды атып алды,  
Ол кетті артта өлмес аты қалды. -  
Деді де домбырасын тастай салып,  
“Ойбайлап” Иса төрде жатып алды.

“О, пәллі, Мұхаң ойдан оздың - деді,  
Жаназа шыдатпады, сөздің кені.  
Осындай жоқтай білер досым барда,  
Ажалға екі қолды создым” - деді.

Байқаусыз кигізгендей тірі кебін,  
Баса алмай көзде жастың жылы лебін,  
Көтеріп басын сонда  
Иса айтты:  
- Өй, Мұхтар! Сен қасымда тірі ме едің? -

18.XI.97 жыл.



# Ән дүлдүлі

Мақпал Жүнісоваға

Тау мақпал, толқып жатқан дала мақпал,  
Ақ мақпал көрінеді алма бақтар.  
Таратып жанға сая, жүрекке олжа,  
Жаралдың ән дүлдүлі дара Мақпал.

Сарыарқа еселеген мақтанышын,  
Есідің желкілдеген ақ талысың.  
Мәдидей көкте бұлтқа сырын айтқан,  
Қазақтың қаз дауысты Мақпалысың.

Зарыққан дәруіндеі ғашық дерттің,  
Үзімін сиқыр саздың татымды еттің.  
Күмбірін сал домбыра дірілдетіп,  
Тірілттің бір қағысын Тәттімбеттің.

Мақпал үн, мақпал тыныс жүрек тіліп,  
Лебіне әкетеді-ау лектіріп.  
Қай әнді шырқасаң да, сен тұрасың  
Жан-жаққа жан жылуын үлестіріп.

Ел татса таңдайыңнан жәннәт балды,  
Сен салған ән өлместей қанаттанды.  
Алдында адам түгіл талмаураған  
Тамсанып Ай аспанда қарап қалды.

Байтақ ел Мақпал — десе шартарабы,  
Ақ маржан, майда қоңыр ән тамады.  
Сексен көл Жетісумен қауышқандай,  
Сүйісті Алатау мен Қарқаралы.

# Тіліңді қорға, қазағым

Тіл – ұлтымның жүрегі,  
Лүпілін Алла қолдаған.  
Тіл – елдіктің тірегі,  
Тұғырдай берік орнаған.  
Тіл – сұлу сөз орманы,  
Ұғымын бабам мөрлеткен.  
Тіл – анамның арманы,  
Әддилеп мені тербеткен.  
Тіл Абайды тудырған,  
Білсін деп бізді бар ғалам.  
Тіл Жамбылды ту қылған,  
Жеткенше жүзге сайраған.  
Тіл – Абылай ұраны,  
Қалың жауға бастаған.  
Тіл – Біржан Сал бір әні,  
Ақан Сері қостаған.  
Тіл – “Сарыарқа”, “Саржайлау”,  
Құрманғазы, Тәттімбет.  
Тіл – туған жер, ақ жайлау,  
Аруақ қолдар ақ міндет.  
Орадың терең сөзіңе,  
Тіршілік талай азабын.  
Өз қолың жетсе өзіңе,  
Тіліңді қорға қазағым.

Тіл – ұлтымның санасы,  
Қастерлеп бойға татынған.  
Тіл – көкірек жарасы,  
Елдікке дербес шақырған.  
Тіл – әліппе үйреніп,  
Ұстаздан дәріс ұққан күн.  
Тіл – былдырлап бізге еріп,  
Ұлымның тілі шыққан күн.  
Тіл – артымда мұрагер,  
Жоқтау мен мақтау арнаған.  
Тіл – “шаппай бер” Құлагер,  
Алдына тұлпар салмаған.

Тіл – Төлеген ажалы,  
Аруды талай күрсінткен.  
Тіл – Қыз Жібек ажары,  
Арайы көзді сүйсінткен.  
Тіл – үзілмес өз үнім,  
“Жезкиік” құмар қандырған.  
Тіл – Ләйлі, біз – Мәжнүн,  
Махаббат естен тандырған.  
Түскендей тамұқ көзіне,  
Көрдік қой тағдыр азабын;  
Өз қолың жетсе өзіңе,  
Тіліңді қорға қазағым.

1995.

# Қызылжардың мықтысы

Қаттай Кеншімбаевқа

Қаттай - деген Қызылжарда нық кісі,  
Ол - елде бар сушылардың мықтысы.  
Қайсар жігіт  
Мағжан-аға секілді,  
Аумай туған қос жанары, түр, түсі.

Көпшіл, сепшіл топқа кірер ұраны,  
Бұл жігіт те  
Сарытомар ұланы.  
Есіл суын ен далаға жеткізген,  
Дәлдеу айтсам: Сарыарқаның қыраны.

Су бар жерде берекеңді кім ұрлар,  
Су бар жерде - ну бар,  
тасқын ғұмыр бар.  
Кім екенін бұл жігіттің паш етер,  
Шартарапқа су тасыған құбырлар.

Егістерде,  
                  шалғындарда,  
  бақтарда,  
Күн күйдіріп, шілде қызған шақтарда;  
Әр тамшыдан көрінеді бейнесі,  
су сепкіштер  
кәусар бүркіп жатқанда.

Айта білсек  
берер нешік баға көп,  
Таң тамаша талай ісін табар ек.  
Мен сыйлаймын  
Сонау... қиын кездерде,  
Ауылымды жөндеп берген аға - деп.

Рақмет айтты ағайлар мен жеңгейлер,

Аз емес қой алғысы көп мендейлер.  
Қаттай-аға, құтты болсын жетпісің!  
Сексеннің де сенгіріне өрлей бер.

Шымыр бойлы  
Ширақ біткен алмассың,  
Жұлдызға да аспандағы жармастың.  
Дүбірлетсең ХХ-шы ғасырды,  
Келер ғасыр көшінде ұмыт қалмассың.

Ел ағасы болдың, осы сөзім шын,  
Тойға тіккен жыр жалауы сезілсін.  
Мен білетін сушылардың мықтысы,  
Қазақстан - деген елде өзіңсің.

18 желтоқсан 1999.

## Әбікей аға келбеті

Әнмен аптап, сөзбен мүсін қашаймын,  
Қанат қақсын қыран мінез, жас айбын.  
Жүрегімнің лүпілімен мәнерлеп,  
Әбікей аға өз бейнесін жасаймын.

Ардагері “Алаш” - деген намыстың,  
Ол да бірі қазақта бар арыстың.  
Ең алғашқы болды ұстазы Семейде,  
Қос данамыз - Мұхтар және Қаныштың.

Саңлақ ұлы әйгілі Ата Сәтбайдың,  
Асыл сырын қалай жабық сақтаймын.  
Мағжандармен кетті атылып арманда,  
Таңы атса да өз еркімен батпай Күн.

Нұрлы жүзі ет, жүректі жаулаған,  
Еренғайып, ол телегей ойлы адам.  
Келбетінде  
жер бетінің мұны бар,  
Бет әлпеті Сократтан аумаған.

Қия белде ыза, кегі қайнаған,  
Сұңқар дерсің қос жанары жайнаған.  
Тұлпар дерсің Құлагердей құлшынып,  
Керекуге талай жүлде байлаған.

Жұмыр жерге келіп кетер бір рет,  
Шымыр бойда тұр ғой мығым күдірет.  
Қарыс маңдай,  
қыр мұрынды, сұлу мұрт,  
Ойшылдығы - Роден салған сурет.

Шын данаға ұқсап тұрса кескіні,  
Пай, пай, шіркін!  
Жоқ айтарлық еш міні.  
Тәлімі де  
мәлім болды қазаққа,

Шекспирге тартқан баурап естіні.

Сөндіре алар жүрегiнiң отын кiм,  
Рухынан шабыттанып отырмын.  
Сондай жанды  
Қиды ажалға соқыр оқ,  
Қилы заман, қырғын жылдар, содыр күн.

Ахметтерiн, Әбiкейлерiн жоғалтқан,  
Сәкендердiң  
тiлiн дереу доғартқан,  
Қазағыма  
дербестiгiм дем бердi,  
Көгiлдiр ту көңiл төрiн оңалтқан.

Қайта оралтып кереметiн бiр ұлттың,  
Шәмшиябану Қанышқызы тiрiлттiң.  
Сәулелi әулет бiр күмбезi жарқ еттi,  
Абзал аға келбетiне үңiлттiң.

Өткiзбесе аз ғұмырын тойлы ғып,  
Ұлағатты ғибратына тойды жұрт.  
Жүзiнде тұр  
жүз кiсiлiк парасат,  
Көзiнде тұр мың кiсiлiк ойлылық.

Өнмен аптап,  
Сөзбен мүсiн қашаймын,  
Көз алдымда қайсар мiнез, жас айбын.  
Әбiкей аға  
өз-бейнесiн мәнерлеп,  
Қос данаға қарай, қарай жасаймын.

9 мамыр 2000 жыл.

# Ауыл кеші көңілді

Хайдолла Тілемісовке

“Ауыл кеші көңілді” боп самғады,  
Абай әнін Нұрғисалар жалғады.  
Сол ән жинақ  
қазақ үшін басы ашық,  
Хайдоллаға ескерткіш боп қалғаны.

Жігіт екен жұпар кіндік, тұнба сыр,  
Кең таратты сұлу сазды нұрлы, асыл.  
Бек толқушы ем  
елден шалғай жүргенде,  
Ауыл көшіп келердей-ақ жылма жыл.

“Айдап салдым жылқымды ақ қауданға”, -  
Деп шырқаушы ек жетердей кең жалғанға.  
“Жамбас сипар” еске түсіп кететін,  
Құрбыларға еркелеп қол салғанда.

Ақан Сері “Құлагері” арқырап,  
Шәмші әні боп Сыр толқыды сарқырап.  
“Жезкиік” те  
жүйткіп жүрді ел кезіп,  
Сол жинақта жез қанаты жарқырап.

Ширек ғасыр басқарғанда “Қайнарды”,  
Баспагердің  
төріне құт байланды.  
Ауыл кеші тірлігі мен тынысы,  
Тағдырының талғамына айналды.

Жұлдызы ыстық  
дос, жаранға адал жан,  
Мейірімді еді



қолқабысы сан алуан.  
Ол түскен жоқ әуресіне атақтың,  
Тойымды еді  
Тобылдай тоқ жаралған.

Қаламынан тапты аңсаған тілегің,  
Сұлу сазбен емдеп жүрді жүрегін.  
Қазақ әні  
Қадір түнін молайтқан,  
“Қайнардағы” Хайдолла деп жүр едім.

Ауқымды еді құштар құсын кең ілген,  
Қазанат қой,  
желіс бұзбай жегілген.  
Отырғандай бүгінгі ауыл тебіrentіп,  
Тілге келмей жүріп кетті өмірден.

Үйлестірген жаңа менен ескіні,  
Бірлестірген дарақы мен естіні,  
Мығым жүрген  
жердің бетін нық басып,  
Есте қалды ойлы, маңғаз кескіні.

8 мамыр 2000 жыл.  
Алматы.

# Ұран еткен Алашты

Нағашбай Шайкеновке

Тынысы жоқ жұмысы көп адамның,  
Ардың ісі жүгін тартса заманның.  
Мәңгі бірлік арыстарға жасайды,  
Мәңгі тірлік қозғалысы ғаламның.

Сондай еді біздің абзал Нағашбай,  
Өсті ешкіммен  
тақ пен төрге таласпай.  
Атамекен Ата Заңын жасасты,  
Тірек етіп түп-тамырын Алаштай.

Жақсы адамға қара жер де жүдө зар,  
Болғандай-ақ өршеленіп тілазар.  
Шаңқай түсте  
жайдың оғы түскендей,  
Ортамыздан алып кетті сұм ажал.

Ел тілегін, күн талабын тез ұғар,  
Зерек еді көкірегінің көзі бар.  
“Ұлт дәстүрі Заңнан биік” - деп түйген,  
Зерделі еді мәңгі жасар сөзі бар.

Дербес елге өшпес белгі орнатты,  
Жан шырағын жағып әділ жол тапты.  
Елбасының еріп жүріп қасына,  
Тура сөзін төңірегіне қолдатты.

Ерен тұлға ерте кеттің өмірден,  
Токтамай тұр көздің жасы төгілген.  
Қош Нағашбай,  
Серік болсын иманың,  
Асыл бейнең шықпас біздің көңілден.

28.03.2000.

## Егделік

Есі ауысып кеткендей сүйген пенде,  
Жалықпаймын көркінді мың көрсем де.  
Сені кемпір дегенге келіспеймін,  
Шал дегенге өзім де үйренсем де.

Ағаларым түзетер қате десе,  
Мәселе көп бас қатар әлде неше.  
Оқ тигендей желкемнен  
Шошып кетем,  
Көзім түскен келіншек “Ата” - десе.

Торға түсіп жастық шақ сағынтқасын,  
Аңғырт басым салады бар ынтасын.  
Тоқалды айтып  
Құр бекер тоқылдаймыз,  
Бәйбішеден құдайым жарылқасын.

14.ІІІ.2000.

Алматы.

## Жақсыкелдіге

Жез балқытып, баптасып егісін де,  
“Жезкиік” жүр жүйткітіп ел ішінде.  
Іздегендей әдейлеп екеумізді,  
Бір сиқыр бар сол киік желісінде.

Сені мейлі, іздесін мені мейлі,  
Тыңдаған жан қалайша ерімейді.  
Қызыл ішік киген қыз аңыз болған,  
Жезқазғанды “Жезкиік” елі дейді.

Жез қанаттың жыр етсем ағынын кең,  
Сағынып ем, тағдырға табынып ем.  
Жалын қостың жүректе жанған отқа,  
Қорқыт-Ата қоңыржай сарыныңмен.

Сөз бен әуен желісін келістірдің,  
Бір арнасы табылды егіз сырдың.  
Думан тойды толқытты ән төресі,  
Туған елді кең жайлап өріс құрдың.

Шырқап, толғап, тебіреніп теңселемін,  
“Жезкиікке” өмірде көп сенемін.  
Қайда барсам алдымнан қарсы алады,  
Жырлай, жырлай көп жылдар көксегенім.

Көкірегіңнен көнермес үн шығардың,  
Сағынышқа тап солай тұншығар кім.  
Мәңгілікке жол салған осынау әнмен,  
Айды аспанға құлшынтып бір шығардың.

1986.

## Өзгеріс

- Ішпендер - деп, бастықтарым зарлады,  
Тәртіп сақтау саясаттың бар мәні.  
Ал, өздері аз ішкен жоқ  
бірақ та,  
Туған елді талапайға салмады.

- Ішпендер - деп “дөкейлерім” қақсады,  
Адал еді алдындағы ақ дәмі.  
Ал, өздері аз ішкен жоқ,  
бірақ та,  
Ел байлығын ерсіл-қарсыл сатпады.

Қиямет еді ол заманның жолдары,  
Қатал бастық, қатал тәртіп қорғады.  
Лебінен аңқыса да ащы иіс,  
Қия баспас  
таза болды қолдары.

Ал, қазір ше. Байқап созар көмейді,  
Ішпей ғана, көп жейтіндер көбейді.  
Өзгеріс сол: ішу аздау,  
бірақ та,  
Қанша жесең “тоқтатыңдар!” - демейді.

1996.

Ауылда қалған қара көз,  
Өзіңсің ғажап мен білген.  
Есімде алғаш сүйген кез,  
Балауса, балғын ерніңнен.

Тосып тұр бізді өткелде  
Күрке тал таныс жасыңнан.  
Танырмын шөлдеп жеткенде,  
Қара көз, қара қасыңнан.

Киіктей сайда керілген,  
Баяулап жетсең шалғайдан,  
Құшайын қыпша беліңнен,  
Сүйейін Айдай маңдайдан.

Ән байлап ұшар қанатқа,  
Үмсынтып тағат кетірген;  
Сүйейін сәтті сағатта,  
Жүзімдей тәтті бетіңнен.

Не десе соған көнейін,  
Лүпілін жүрек санатқан.  
Рахатқа батып өбейін,  
Талмаурап тұрған тамақтан.

Алайын дәру үніңнен,  
Сағыныш көкірек жарғанда.  
Татайын зәмзәм тіліңнен,  
Жетейін мен де арманға.

1998.

## II. АҒАЛАРДЫҢ СӘБИТ ЖАЙЛЫ АЙТҚАНЫ

### Дана сөзі

*“Ақын, романшы, драматург және әдебиет зерттеушісі ретінде, Сәбиттің есімі қазақ оқырмандарының арасында зор атаққа ие болды. Оны бүкіл Олақ оқырманы құрметпен қабылдады”.*

Мұхтар Әуезов

Мол болса да  
терлеп-тепшіп тапқаным,  
Сұлу сазбен  
төксе сырын пәк жаным;  
Мен бәрібір  
ұран етем ұрпаққа,  
Мұхтар-аға Сәбең жайлы айтқанын.

- Сөз кенішін Сәбит терең қазушы,  
Кең жолында ел мүддесін танушы. -  
Депті дана -  
ол - көш бастар буында,  
“Ең алдыңғы қатардағы жазушы”.

Көкірегінен шықса ыстық қайнап шер,  
Әр ұғымын терең зерлеп, байқап көр.  
Сол мінезбен  
кәрі-жастан қашан да,  
Қолдың ұшын аямаған қайраткер.

Жедел жәрдем  
берсе аз бен молын да,  
Іске қосты ерген оң мен солын да.  
“Үнемсозар етті үрдіс әрекет”,  
Көркем сөзді жетілдіру жолында.

Сертті жерде  
жоқ Сәбиттен қалған сөз,  
Ол - күрескер сан айқасқа барған тез.  
Тарих үшін, қоғам үшін жалтармай,  
“Ыстық отпен жалын кешкен” тарланбоз.

Ақын десек  
жаңалық көп үнінде,  
Жаңғыртты өлең сапасын да, түрін де.  
“Баяу басқан желпінтті ескі ырғақты”  
“Майға сәлем” беріп тұрса бүгін де.

Сәбит сөзін естіген жан тоқтады,  
Неге десең елдің мұңын жоқтады.  
Уәдеге “созбашылды” соққылап,  
Кей шекеге қатты тиді тоқпағы.

Ақындық пен қара сөзді меңгерген,  
Ол - нарымыз егіз жүгі теңделген.  
“Ақ аюын” оқып көрші абайлап,  
Шығып тұр ғой біздің ұлттық шеңберден.

Сәбит ойшыл.  
Кең ғылымға беттеді,  
Онсыз толмас біздің тарих беттері.  
Туған елдің “мерейіне жарайтын”,  
Абай, Шоқан даналарын зерттеді.

“Жұмбақ жалау” желбіреген кезін көр, -  
Ойын зерле, терең ұғын сөзін мөр.  
Есіп тұр ғой қай жазғанын оқысаң,  
“Дәуір таңын тосқан асыл сезімдер”.

Соғыс жылдар оқтай сөзі зулаған,  
“Гвардия алғысын” ел тыңдаған.  
Бейбіт күнде бәрімізді билетті,  
“Қазақ вальсін” алдық көне зурнадан.

Сәбит кірсе талай заңғар ірі іске,



Қазанат қой көнген тынбас жүріске.  
Фольклордың  
қыр мен сырын жайнатса,  
Сом алтындай қысқа сөзі кіріспе.

Сәбит сөзі бүкіл халық хақында,  
Аласапыран дәуір жатыр затында.  
Баяндады елдің мүдде, өрісін,  
Бапты тілмен шыншыл, әрі батыл да.

Тұнған тарих Сәбит сыры мәні де,  
Көз тастады бері менен әріге.  
Сондықтан да кірді мәңгі белгідей,  
Қазақта бар оқулықтың бәріне.

Сегіз қырлы, бір сырлы жан салмақты,  
Міне, солай тарлан бізді таңдапты.  
Сәбит - деген жазушымыз ең ірі,  
Ең өнімді, кең тынысты жан-жақты. -

Міне, сөзі Сәбит жайлы дананың,  
Не болмақшы мен шығарған жалаң үн.  
Пушкин менен Лермонтовты көргендей,  
Қос данаға таңданады жанарым.

17 сәуір 2000 ж.  
Алматы.

# Ғабит-аға айтқаны

*“Жазушы Сәбит Мұқановтың қаламынан туған еңбектер өз алдына бір энциклопедия”*

Ғабит Мүсірепов

– Сәбит – деген энциклопедия, тағылым,  
Түптен тартты ол  
тарлан тарих ағынын.  
Барша қазақ татқан миуа жемісін  
Ол – бағбаны әдебиет бағының.

Елді аралап  
тапса қанша жақынын,  
қоспасы жоқ үдетті сөз татымын.  
Бар жазғанын “бүгіліссіз өлшесек,  
қалды ізі сан миллион шақырым”.

Қажу білмес қаламынан маздаған,  
Ойлы өрнекке  
шын сүйсінді маң далам.  
Бүгін ғана тына қалған оң қолы,  
Жазып кеткен миллиондарға таң қалам. -

Десе Ғабен  
сырым осы андаған,  
Тағылымға тағызым мол арнаған.  
Ұлылардың достығы да ұлы ғой,  
Сыйластық пен қимастыққа таңданам.

## Бауыржан Момышұлы:

*“Сәбит аға бір жақсысы - екеу, екеуі - төртеу болса екен деп ойлайтын”.*

Мұқановқа жақындығың қанша - деп,  
Біреу айтса сөз созбас ем сонша көп.  
Қамқоршы боп,  
Жақсылықты жақтайтын,  
Бір жақсы - екеу,  
екеу - төртеу болса деп.

Жеткізетін жақсыларды жайсаңға,  
Қыран қанат бітіретін қайсарға.  
“Өнерліні өнерпазға қосатын”,  
Жалғап жүрді шын гауһарды кәусарға.

Соның бәрін борышым деп ойлайтын,  
Нық сақтады кемеңгерлік зор қалпын.  
Қайтпайтұғын тұрдым деген жерінен,  
Хас батыр сол ақиқатты қолдайтын.

Басып кетсем мен де ащы гөй-гөйге,  
Бір жымыып  
үндемейтін ол кейде.  
Алатаудай асқар ала шың еді,  
Өмір бойы өткен биік деңгейде.

## Ғабиден Мұстафин айтқандай:

Не жазса да кең толғап,  
Жеткізді меже шебіне.  
Ескерткіштей қалды орнап,  
Жасаған Сәбит - шежіре.

## Шыңғыс Айтматов:

*“Біз Мұхтар Әуезовтен, Садриддин  
Айниден, Фафур Ғұламнан қалай үйрен-  
сек, Сәбиттен де солай үйрендік”.*

– Сөз қуып тусақ анадан,  
Барлауға талай барғанбыз.  
Ой теріп Мұхтар ағадан,  
Сәбиттен сабақ алғанбыз.

Ол өтті шөкім шегінбей,  
Тебіrentіп жанын ел мұңы.  
“Өзінің туған жеріндей,  
Қырғызға Сәбең белгілі”.

Есіңнен мәңгі кетер ме,  
“Ботагөз” жаққан шырағы.  
Қос қанат жайған екі елге,  
Ол - Алатау қыраны.

## **Жұбан Молдағалиевше:**

Үрпаққа қанат жалғаған,  
Сүйсіндік біздер ғажапқа.  
Сәбеңнен сабақ алмаған,  
Жас ақын аз қазақта..

## **Ғалым Малдыбаевтың сөзінен:**

Шын досқа жол қашықтық жасамайды,  
Хат жазып тұрушы еді аса жайлы.  
Сәбиттен сағынышты келген хаттың,  
Жүрегім әр сөзіне тасалайды.

Мен жүрген  
ол да бірге жолда жүрді,  
Көкірегім  
көп мінезін сонда білді.  
Солдаттар соғыстағы кезек оқып,  
Жырлары, романдары қолда жүрді.

Майдандас болды бізбен жан талабы,  
Ол бізден кең блиндаж талғамады.  
Керек пе  
артық бақыт қаламгерге,  
Оқыдық отты күнде Нарвадағы.

Бұл сырды  
аулымдағы балаға айттым,  
Сүйсінттім талайларын дана қарттың.  
Жырларын серік болған соғыс жылдар,  
Жеңістің жалауындай ала қайттым.

## Әбділдә Тәжібаевтың айтқаны:

Ел ішінен талант іздеп табуға,  
Оны баптап алқа топқа салуға,  
жан жетпейтін  
қолқабысшыл Сәбитке,  
Үмтылсақ та қанша ғибрат алуға.

Ол патшадай көрінсе де тақтағы,  
Қарапайым кең мінезін сақтады.  
Бірақ, шіркін “қарыздарсың” дегенді,  
Еш қашан да, еш адамға айтпады.

Қамқоршылдық ынтасымен тамсантты,  
Сол ізгілік жақындатты алшақты.  
Бір жақсыға жәрдем етер жолында,  
Бес Наркомға салушы еді салмақты.

Үлкен, кіші қорған тұтып сағалай,  
Келсе  
білді қадір тұтып бағалай.  
Көмек беру болды ол үшін  
шын қажет,  
Ішкен ас пен жұтқан таза ауадай.

## Сырбай Мәуленовтің сыры:

Сәбит деген аңыз, дастан,  
Жұлдыз болып жаныпты.  
Зор құшағы бауыр басқан,  
Елді құшып қалыпты.

Жылдан жылға еселенер,  
Атақ, даңқ, межесі.  
Сәбит атты көшеменен,  
Жүргенде оны сезесің.

Ол асқар шың сияқтанды,  
Алатаулар сілемінде.  
Аты, жөні тұрақталды,  
Барша қазақ жүрегінде.

Ұланғайыр сыры тынбас,  
Дүбірлеп те жаңғырып.  
Мұқановты ұмыттырмас,  
Ел жүрегі - мәңгілік.

## Мәриям Хакімжанованың сөзінен:

Бір мен үшін атқарды ғой мың міндет,  
Құрметтеді “Сұлушашты” білдің деп.  
Ардақтадым мен де туған ағамдай,  
Сыйлап өттім Мәриямді сіңлім деп.

Сәбеңе де, Мәкеме де алғысым,  
Мол ғой, шіркін, бірге өткізген жаз, қысын.  
Сол екеуі жебеп жүрді аянбай,  
Десем артта қолдан келген қалды ісім.

Бос мақтауға болды ежелден құлқым жат,  
Өрге ұмтылды қолда қалам - ұшқыр ат.  
Өлең деген өнер жолын игерсем,  
Сұлушаш пен Алтай берді күш-қуат.

## Әбдіжәміл Нұрпейісов айтқан ізбен:

Тірі пенде тілейді бәрі септі,  
Сол дәстүрді Сәбит те дәріс етті.  
Жүдеу күнін  
Жабыдан шыққан тұлпар,  
Ұмытпады.  
Кең мінез арыс етті.

Бола білді заманның жәдігері,  
Жәрдемшілдік ақжолтай заңы да еді.  
Мірден сірді айыра білді Сәбең,  
Тілдескенде ақ жүрек қалың елі.

Аты шықса әу-баста өлеңімен,  
Тарлан тарих бой жазды белеңінен.  
Талай ақын  
тар күнде тарпаң басты,  
Талғажаулап Сәбиттің көмегінен.

Қазақ - арық, Ай - жарық күндердегі,  
“Жұмбақ жалау” желбіреп Күнге өрледі.  
Атақ, даңқы  
шарықтап тұрған кезде,  
Зор тұлғаның қол ұшын кім көрмеді?!

Солдаттардың соғыстан оралғаны,  
Айтшы, қане, қашан ол қол алмады.  
Естен кетпес маған да  
Сәбит аға,  
Өз әкемдей ардақты бола алғаны.

“Вокзалдарда түнегіш” күйін кештім,  
Әуресі еді жатар жер дүйім кештің.  
“Пақыр бала” деп бірге  
ертіп барған,  
Мен Сәбиттің сол күнде үйінде өстім.



Аппақ төсек көргенде  
Тана көзім,  
Оттай жанды. Өзгерді сана-сезім.  
Мәриям-апай алдында бас иемін,  
Екеуінің жетінші баласы едім.

Айтып жүрмін.  
Әлі де айтармын да,  
Мен кім болдым,  
көлмін бе, шалқармын ба?!  
Ойлайтыным...  
Шіркін-ай, үміт артқан,  
Биіктерден еліме байқалдым ба?!

Сәбит те бір,  
Мен үшін халық та бір,  
Жалғастырды тілегін алып дәуір.  
Алғыс айтам данаға,  
Болса бүгін,  
Солдат күннен, иншалла, халім тәуір.

Тағлым еткен алдымда молда күшті,  
Биік арман өзегі сонда пісті.  
Айтатыным ағайын,  
Сәбендердей,  
Бір, біріднен аяма қолқабысты.

25-сәуір 2000 жыл.  
Қызылжар.

# III. ҒАЛЫМДАРДЫҢ СӘБИТ СЫРЫН АШҚАНЫ

**Зейнолла Қабдолов:**

Сәбит деген кең арналы дария,  
Шеңбер емес оған шағын тар ұя.  
Жүзге келсе  
елдің ұлы перзенті,  
Бұл ұлы той болды әлемге жария.

Сәбит жолын  
ақиқат де, аңыз де,  
Зер саламыз ол өткерген әр ізге.  
Қызылжардан бастау алған бұл дүбір,  
Тасқындайды Алматыда, Парижде.

Сөз зергері шыққан ерке Есілден,  
Ғылымды да болды тынбай дес ілген.  
Шындық осы:  
жазушы аз қазақта,  
Дәл Сәбиттей кең құлаштап көсілген.

Ол өткерген мектептің зор пайдасы,  
Елдің мұны  
ерен еңбек арнасы.  
Ойлы жырмен,  
романдар көшімен,  
Болды Сәбит бір дәуірдің айнасы.

Сол айнаның  
әр жарқылы төккен нұр,  
Сәбең сөзі - көркі, ісі өктем гүл.  
Ең көбірек оқылатын жазушы,  
Неге десен  
махаббаты мөп-мөлдір.

24.04.2000.  
Қызылжар.

## Серік Қирабаев:

Жастар білсін ұлылардың ғұмырын,  
Үдетейік “Сәбиттану” ғылымын.  
Келешекке жетер жерін ашайық,  
Саясаттың сілтей бермей құрығын.

Дарыны мол  
ұлы жерде жаралды,  
Ақан, Шоқан, Біржандардан нәр алды.  
Сегіз Сері, Шал ақынның әруағы,  
Өз анасы ақ сүтімен таралы.

Жерде тұр ғой Алатаудай асқар да,  
Ерке Есілден  
ол жаяулап басты алға.  
Болды ақыры  
қара нары қазақтың,  
Жазушылар Одағына басқарма.

Үлгісі көп тағылым етер нарыққа,  
Шыдамдылық қажет бүкіл халыққа.  
Не іздесең табылады Сәбиттен,  
Соның бәрін, беу әріптес, анықта.

Қажет емес  
ұланғайыр сөз-көше,  
Егемен ел талабы да өзгеше.  
“Сәбиттану” туды жаңа дәуірі,  
Іс тынбайды оны жастар сезбесе.

Той да ертең думандатып өтеді,  
Сәбит аға оған даңқы жетеді.  
Тірілерге уағыздайық мұрасын,  
Сонда бұл той дегеніне жетеді.

24.04.2000.  
Қызылжар.

## Тұрсынбек Кәкішев:

Сәбит сөзі айбынды да, шерлі еді,  
Дабыл қақса жалаулы да, мөрлі еді.  
Қазақ үшін  
Болды үлкен құбылыс  
Ботагөздің” дүниеге келгені.

Елу томдық еңбегі бар асылдың,  
Келе берер сол заңғарға бас игің.  
Дана Мұхтар өлшеміне жүгінсек,  
Тұрды Сәбит “көш басында” ғасырдың.

Жеткілікті жетпіс жылдың қатасы,  
Кетті өзі де кегін алып бақасы.  
Бірақ, ол кез  
Бергені де аз емес,  
Өшіре салсақ өлер шындық атасы.

Қайта жасау жоқ тарихты, ағайын,  
Туғызды ол кез дүлдүлдердің талайын.  
Мұхтар аға,  
Сәбит, Ғабит, Ғабиден,  
Салып кетті көркем сөздің сарайын.

Әдебиетті Армияға балаған,  
Кезім болса  
сөзім осы қалаған:  
Абай – маршал десек, жөн ғой Сәбитті  
Генералдардың біреуі деп санаған.

Зор еңбегі,  
Сәбеңнің іс-қимылы,  
Атандырды бір ғасыр шын дүлдүлі.  
Қазақ ісі  
жазғанынан аңқып тұр,  
Бар тарихы, шежіресі, тіл, ділі.

Әйел сыры жасатыпты бас қадам,

Әйел десе төгілтті өлең жас қалам.  
Соның бәрі дайындық қой,  
шын ғашық,  
Мәриям-апай құшағына бастаған.

Ақтангерге бітті ерен шын намыс,  
Ол бастаған  
озды талай тың жарыс.  
Халқын сүйген шын кемеңгер жазушы,  
Сәбит деген ұлттық ұлы тұлғамыз.

24.04.2000.

Қызылжар.

## Зәки Ахметов:

Сөне білмес  
жұлдызы  
ерте тұтанып,  
Қонды оған  
мәңгі ортаймас  
құт анық.

Маяковский,  
Горький  
де емес  
ол - біздің,  
Кең жалғанды  
дүр сілкінткен  
Мұқанов.

Ұлттық сезім  
Сәбеңдерде  
тым ыстық,  
Ойлағаны:  
достық,  
бірлік,  
туыстық.

Соған қоса  
ол дауылпаз атанды,  
Айқастарда  
көрмей өткен  
тыныштық.

Шеншіл емес  
шежірешілдік  
құрды әдет,  
Ата, бабаң  
кім болғанын  
тыңда деп

**Жеті атаны  
желкен еткен  
Сәбитті,  
Тану керек  
ұлттық  
ұлы тұлға деп.**

## IV. ЖЕРЛЕСТЕРІНІҢ СӘБИТТИ ЕСКЕ АЛУЫ – ЖЫР ЖОЛЫНДА

### Қажымұрат Нағманов:

Сәбит орны биік төрде,  
Сәлемдесіп жүрер Күн.  
Халқы сүйген білікті ерге,  
Бітті зоры жігердің.

Ай Сәбеңді аялайды,  
Түнгі аспанда қалқыған.  
Рухы елді аралайды,  
Өткен талай талқыдан.

Есіл-Көкше төл баласы,  
Сарыарқа сақ қыраны.  
Сәбең бүкіл ел данасы,  
Ынтымақшыл ұраны.

Романдарда, дастандарда,  
Ұлтым деген зор үні.  
Ол айбынды айқастарда,  
Ана тілін қорыды.

Дәл Сәбеңдей кім біліпті  
Шежіресін қазақтың.  
Сол тамаша ізгілікті,  
Жалғастырды азат күн.

Елдің мұны тебіrentсе  
Найзағайдай күрт жанды.  
Болды айқаста өмірі өтсе,  
Ұлтшыл емес, ұлтжанды.

Шенқұмарды аямаған,  
Әділдіктің пірі еді.



Талай саңлақ саялаған,  
Зәулім шынар ірі еді.

Өзге меже құптар ма ем,  
Мол ғой тынған мығым іс.  
Қатар тұрған Мұхтарменен,  
Сәбит үлкен құбылыс.

15-мамыр 2000 жыл.

## Темірғали Есембеков:

Елінде жүрсе еркелеп,  
Бой ұрып шабыт сезімге,  
Атанды-ау, Сәбең ертерек,  
Шабысы қызған кезінде.

Қанатын еркін сермеді,  
Ісіне көңіл толарлық.  
Сәбиттің шалқар еңбегі  
Кітапхана боларлық.

Жайқалса толқып қолда бар,  
Бұталы Сәбит терегі,  
Кәкішевтің жөн болар,  
Елу томдық дегені.

Он томдықтың міндетін,  
Астана алды мойынға.  
Өзгесі қалмай тұл жетім,  
Шықса екен келер тойында.

## Қосыл Омаров:

Сәбеңнен ғибрат тоқыдым,  
Жазғанын жастай оқыдым.  
Өмірлік серік болғаны,  
Әлі де келсе оқығым.

Кітабын мәз боп тапқанға,  
Заулаттық талмай ақ таңда.  
Лабогрейкеден қол босап,  
Оқыдық қоста жатқана.

Өмірге қызық барлаушы  
Болды ғой қанат жалғаушы.  
Өнеге алдық Сәбиттен  
Жас бала “Өгіз айдаушы”.

Ұмытам қалай соны мен,  
Сәбитті көптеу шолып ем.  
“Ботагөзді” жұртқа оқыр,  
“Завизбач” та болып ем.

Жаныма жаққан шырағы,  
Үнемі сөнбей тұрады.  
Мен үшін Сәбит тынысы,  
Жүрекпен бірге тынады.

## Бақыт Мұстафин:

Депутат келді еліне,  
Сағынған туған жеріне.  
Игібай ертіп апарды,  
Сәбене бірде мені де.

Қуансақ іштей біз оған,  
Ұялам, кейде қызарам.  
Демеуші болды-ау сондайда,  
Қасында жүрген Мұз-ағам.

Күн-түн демей аралап,  
Есілді кешті жағалап.  
Қарсы алды қала, дала да  
Піріндей күтіп бағалап.

Полковник Хакім үйінде,  
Көрсетті бекем күйін де.  
Астауда ақ май ақ жалын,  
Ет келді мая үйілме.

Әңгіме кетті тереңге  
Көз салдық талай белеңге.  
Ет асатты ағамыз,  
Ал, тойдық-ау, дегенде.

Аралас еттен әртүрлі,  
Асатып жұртты састырды.  
Сәбеңнен сонда көріп ем,  
“Асату” деген дәстүрді.

Бір ет, бір май қап-қалың,  
Бергенін асап ақтадым.  
Өз қолынан Сәбеңнің,  
Есімде дәм татқаным.

## Толымбек Әбдірайым:

Алпыс жасқа Сәбит аға толғанда,  
Одан асқан думан-дүрмек болған ба?!  
Бір ауданның бастығы едім өзім де,  
Жығылмадық жоралғы мен жолдан да.

Ертіп келді Әнуарбек Шманов,  
Сырбай аға өзі де бір тың алып.  
Есім Шайкин, Ахметжан Нұртазин,  
Той қыздырды сөздің сөлін шығарып.

Бір ауылда шошалаға кіргенде,  
Кербез әйел сөйлеп кетті бір демде:  
“Білмедік қой келгенінді Сәбит-ау,  
Жарқ етуші ең менің құтты іргемде”. -

Дегеніне Сәбең жылдам лып етіп,  
Тапты сәтті әзіл сөзге тың тетік.  
- Ал, білгенде нең бар еді беретін? -  
Деп мырс етті сылқым үні сылқ етіп.

Апай дереу: “Беу, Сәбит-ай, баяғың  
Есімде ғой  
сенен немді аядым.  
Келсең етті оңашалау, іңірлеп,  
Шұбыртқанша өңкей бастық саяғың”. -

Деп күлдірді. Сөз тоқтады бабымен,  
Сый, сияпат алғызбады тағы дем.  
Қазы, қарта пісті лезде сүрленген,  
Кездесті аға бозбалалық шағымен.

Құрбысы да оралғандай жас күні,  
Сағынышын сыр білдірмей шашты үні.  
Шошалада,  
тақыр тері үстінде,  
Қабылдады өңшең игі жақсыны.

## Мүтәллап Қанғожин:

Кездескенде таң қалдырды ағамыз,  
Жадында жүр сансыз есім, сан аңыз.  
Ал, өзіміз көрші қыздың есімін,  
Есімізге түсіре алмай қаламыз.

Бір керемет бар ғой Сәбең затында,  
Қате баспас ата, бабаң нақында.  
Ал, біз болсақ кейде ұмытып қаламыз,  
Қызметтес келіншектің атын да.

Хикаясын айтса бүкіл әлемнің,  
Су жорғадай тайпалатын пәлен күн.  
Тарих тұнған энциклопедия секілді,  
Шалқар теңіз көкірегі Сәбеңнің.

## Еркебұлан Жолболдин:

Атына қанық қалың ел,  
Сәбеннің көрді еккенін.  
Ұлағатты ұстаз таныды ел,  
Өткерген “Өмір мектебін”.

Достыққа болды ұқыпты,  
Кісілік паркын көрсетіп.  
Танытты көпке Шуховты,  
Асыл дос, жерлес, көрші етіп.

Баурындай досын баурайтын,  
Туындай берік біршілік.  
Егізден кейде аумайтын,  
“Вангошам” деп сүйсініп.

Шухов та білді заңғарды,  
Шаң жұқтырмай үніне.  
“Ботагөзді” аударды,  
Асыл дос орыс тіліне.

Достықта адал көп несіп,  
Қызық көп айтсақ не түрлі.  
Екеуі өтті септесіп,  
Орыс пен қазақ секілді.

## Қайролла Мұқанов:

Балалық балғын шағында,  
Сәбеннің көп қой шеккені.  
Орады шерлі сағымға  
Жылқышы жырдың шекпені.

Мекені малшы қосы екен,  
Мыңдатса байдың жүз төлін.  
Сәбитпен сонда дос екен,  
Баймағамбет Ізтөлин.

Жаутанкөз күндер өтіпті,  
Ырымға тыным болмаған.  
Екеуі қатар оқыпты,  
Ауылда қатал молдадан.

Біред жас үлкен Бөкенді  
Ұстазындай сыйлаған.  
Алғыр сөз, асыл мәтелді  
Екеуі бірге жинаған.

Ұғысты тартыс таласты,  
Жұғысты ортақ ой қосып.  
Бөліп те жесті бар асты  
Сағынып кейде жол тосып.

Ақтармен қырғын шайқаста,  
Сәбенді тағдыр көп қысты.  
Сол сүргін бірге шайқаста,  
Қарулас досы оққа ұшты.

Ардақтап қимас жылдарын,  
Көрсетті себін құмарлы.  
Бөкеннің отты жырларын  
Жинақтап Сәбит шығарды.

Ұмытпай зардап шеккенін,  
Жүректің тосты жүз төрін.  
Оқышы “Өмір мектебін”,  
Ішінде жүр Ізтөлин.



# V. СӘБИТ МҰҚАНОВҚА АРНАЛҒАН ӘНДЕР

СӘБИТ АҒА КЕМЕҢГЕР

*Әні Мұратхан Егінбаевтікі  
Сөзі Кәкімбек Салықовтікі*

Ағындаса жел жетпес құлагердей,  
Тартынбады алға үздік шыға келмей.  
Жамбыл-ата баптаса “балуаным” - деп,  
Қарқындады қажымас бұлан ердей.

*Қайырмасы:*

“Ботагөзбен” өрледі,  
Шоқанды айтып төрледі.  
Дән толқытқан қырдағы,  
Кен қопарған шындағы,  
Қой қоздатқан құмдағы  
Саңлақтарды жырлады,  
Сәбит аға кемеңгер.

Елге келсе сарқылмас сыр байланып,  
Қаумалайтын қалың жұрт тындай қалып.  
Бар қазақты аралап жүруші еді,  
Жер шарындай жылжыған Күнді айналып.

*Қайырмасы.*

Жастық шақтың толқыса ғашық әні,  
Қосылуға сандуғаш асығады.  
Сәбит десең мөп-мөлдір шықтай таза,  
Махаббаттың шуағы шашылады.

*Қайырмасы.*

## ТОЙ БАСТАР

Сөзі Кәкімбек Салықовтікі  
Әні Мұратхан Егінбаевтікі

Молшылық толсын асыңа,  
Береке қонсын басыңа,  
Егемен ел қазағым,  
Орнықсын қыдыр қасыңа.  
Толағай толқып тасы да,  
Бақыт бер кәрі, жасыңа.  
Қаланың көтер беделін,  
Даланың даңқын асыра.  
Елбасымыз бастаған,  
Жер, жаһан бізді қостаған,  
Сәбит аға 100-жылдық  
Тойына келдік асыға.

Құлшынтып өнге салайын,  
“Абылайлап” дабыл қағайын.  
Мағжан, Сәкен сәт тілеп,  
Жебесін Шоқан, Абайым.  
Жамбылдан бата алайын  
Мұхтар кеп төксін арайын.  
Құт дарысын баршаңа,  
Құттықтай келген ағайын.  
Жүз шырақ бүгін жағайын,  
Дүбірлі қоңырау қағайын.  
Той қонағы әр елден,  
Бабыңды бүгін табайын.

Жүйріктер жетсін жұлқынып,  
Балуандар келсін бұлқынып.  
Бипыл қақсын бишілер,  
Аш белдері қылқынып.  
Қарттарым есен, тың жүріп,  
Батамен айтсын нұрлы үміт.  
Көрсетпей өнер қалмасын,  
Сәбенді сүйген бір жігіт.

Есімнен кетсін мың күдік,  
Қалмайық ойда сыр бүгіп.  
Қырғидай құлшын бозбала,  
Қыздарға сұлу килігіп.

Қырмызы қонған жасылға,  
Бұл ұлы той асылға.  
Сәбит аға, қасиет бар  
Жеткізген өрге тасында.  
Елдің жүдеу, ашында  
Ту болды арман жас ұлға.  
Жаяулап шыққан Есілден,  
Ұқсады қайсар лашынға.  
Тік шырқап от жасынға,  
Кездесті ноян асырға.  
Ұша, ұша ақ сұңқар,  
Шапағат жайды ғасырға.

Асылдар алуан жиыссын,  
Құшаққа гүл шоқ үйіссін  
Ботагөз бен Асқар кеп,  
Ортамызда сүйіссін.  
Алатаудан биік шың  
Нұрмолда көш жиыссын,  
Балуан Шолақ, Қажымұқан  
Бәтеспен бірге сиыссын.  
Табылмастай үзік сын,  
Дос жарандар қызықсын.  
Үкілі Ыбырай Сәбеңмен  
Сағынып қайта түйіссін.

Қазағым, ерен асылсың,  
Байлығың шалқып тасынсын,  
Өтпелі кезең тез өтіп,  
Салмасын жаңа ғасыр сын.  
Тектілер мінез асырсын,  
Тентектер тыңдап бас ұрсын.  
Өзара талас тоқталып,  
Шекара дауым басылсын.  
Жарқырасын асыл шын,

**Аспаннан шуақ шашылсын.  
Сәбит аға 100-жылдық  
Торқалы тойы ашылсын!**

# Мазмұны

## I. ЖЫРДЫҢ ТУЫ – ЖАРҚЫН ТҰЛҒА

“Жұмбақ жалау” .....	3
Ұлылардың тағдыры .....	5
Арыстарды ел аңсайды қашан да .....	6
Таумен жазған шежіре .....	7
Сәбецтің “тарғыл дауысы” .....	9
Кіресілер әп салса .....	11
Көкшеде туған сурет .....	13
Кеншілерді жыр еткен .....	15
Шындық сыры .....	16
Сәбит аға кім десең .....	17
Сөздердің өзі сөйлейді .....	20
Мұхтар мен Сәбит .....	22
Көктем келді .....	24
Сәбит – қазақ Бальзагы .....	25
Жебеді Сұлтанмахмұт, Дихан, сені .....	27
Мәриям-апай, мықты бол .....	29
Ауылдғы ақсақалға жауабым .....	31
Сәбит аға .....	33
Есілге қонған аққулар .....	36
Сәкен-аға ескерткіші алдында .....	37
Әншілік өнерінің құлагері .....	39
Айналайын бәріңнен .....	41
Сағыныш селі .....	43
Қыз-қыран .....	44
Жаса, елім, Мәркенді ардақтаған .....	46
Ол екінің бірі еді .....	47
Сәуірдегі Көкшетау .....	48
Шалқыма .....	49
Абылай .....	50
Көкшетауда Қаныш-аға көшесі .....	52
Иса ақынды Мұхтардың сынағаны .....	54
Ән дүлдүлі .....	56
Тіліңді қорға, қазағым .....	57

Қызылжардың мықтысы .....	59
Әбікей аға келбеті .....	61
Ауыл кеші көңілді .....	63
Ұран еткен Алашты .....	65
Егделік .....	66
Жақсыкелдіге .....	67
Өзгеріс .....	68
“Ауылда қалған қара көз” .....	69

## II. АҒАЛАРДЫҢ СӘБИТ ЖАЙЛЫ АЙТҚАНЫ

Дана сөзі .....	70
Ғабит-аға айтқаны .....	73
Бауыржан Момышұлы .....	74
Ғабиден Мұстафин айтқандай .....	75
Шыңғыс Айтматов .....	75
Жұбан Молдағалиевше .....	76
Ғалым Малдыбаевтың сөзінен .....	76
Әбділдә Тәжібаевтың айтқаны .....	77
Сырбай Мәуленовтің сыры .....	78
Мәриям Хакімжанованың сөзінен .....	78
Әбдіжәміл Нүрпейісов айтқан ізбен .....	79

## III. ҒАЛЫМДАРДЫҢ СӘБИТ ЖАЙЛЫ АЙТҚАНЫ

Зейнолла Қабдолов .....	81
Серік Қирабаев .....	82
Тұрсынбек Кәкішев .....	83
Зәки Ахметов .....	85

## IV. ЖЕРЛЕСТЕРДІҢ СӘБИТ ЖАЙЛЫ АЙТҚАНЫ

Қажымұрат Нағманов .....	87
Темірғали Есембеков .....	89
Қосыл Омаров .....	90
Бақыт Мұстафин .....	91
Толымбек Әбдірайым .....	92
Мүтәллап Қанғожин .....	93
Еркебұлан Жолболдин .....	94
Қайролла Мұқанов .....	95

**V. СӘБИТ МҰҚАНОВҚА АРНАЛҒАН ӘНДЕР**

<b>Сәбит аға кемеңгер .....</b>	<b>96</b>
<b>Той бастар .....</b>	<b>97</b>

**Кәкімбек Салықов**  
**СӘБИТ АҒА**

Редакторы — С. Ақтаев  
Техникалық редакторы және суретшісі — Е. М. Асылғазы  
Терімші — Қ. Н. Әбдиева

Теруге 20.05.2000 ж. берілді. Басуға 26.05.2000 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/16. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
Әріпі «Мектеби». Шартты баспа табағы 4.

«Жібек жолы» Баспа Үйі  
480091, Алматы қаласы, Қазыбек би, 50, телефоны 62-14-88.